

АҚМЕШІТ ЖАСТАРЫ

№ 12 (445)
26 наурыз, 2022 жыл



Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан бастап шығады

– ЮНИСЕФ мәліметіне сәйкес Қазақстан отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесі жиі орын алатын елдің бірі. Балалар мен әйелдердің құқығын қорғауда қандай шаралар қолға алынады?

– Бұл санатқа неке-отбасылық, некесіз бірақ бірге тұратын адамдар арасындағы қатынастар. Бірге тұрмайтын бұрынғы жұбайлар және жақын туыс адамдардың арасында орын алған құқықбұзушылықтар жатады. Тұрмыстық құқықбұзушылықтың себебі түрлі нысанда жасалуы мүмкін, оның көпшілігі материалдық жетіспеушіліктен және алкогольдік ішпінді шектен тыс пайдаланудан туындайды.

Бұған тәрбие, отбасылық құндылықтың да тікелей қатысы бар. Себебі балаға отбасында берілетін тәрбиенің әсері мол. Тәрбиеге әсер ететін өскен орта, ата-ананың тәрбиесі дұрыс болмаса, бала түрлі жаман мінезді құтырады. «Жақсыдан жаман туады, бір аяқ аса алғысыз».



бағдарламасы аясында «Адам және қоғам пәні оқытылғанымен, ол тек тек 14 жасқа басталады. Балаларға құқықтық білімді елімізде мектеп бағдарламасында кезеңденнен (14 жастан) ерте беру қажет. Болашақ өз құқығын білетін, өзгенің құқығын таптамайтын ұрпақты тәрбиелеу үшін балаларға қатысты зорлық-зомбылыққа қарсы тұру туралы білімді қалыптастыру керек. Бала емірде қандай да бір жағдайға тап болса не істеу керек? Көшеде немесе үйде осындай зорлық-зомбылыққа ұшыраған балалар өзін қалай қорғауды білмейді.

Президент Жолдауында қоғамдағы әйелдер мен балаларға зорлық-зомбылық көрсеткендердің жазасын қатаңдату бойынша тиісті органдарға тапсырма берілгені айтылды. Бұл өз кезегінде зорлық-зомбылыққа, отбасылық-тұрмыстық қатынастардағы құқықбұзушылықтарға қарсы маңызды рөл атқаратын болады. 1946 жылы 10 желтоқсанда қабылданған «Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясының» кіріспесінде «Адам баласының отбасының барлық мүшелеріне тең қадір-қасиет, құқығы мен тәндігі тартып алынбайтындығын тану бостандық пен әділдіктің және жалпыға бірдей бейбітшіліктің негізі» делінген, яғни адам құқықтары сақталса, он жерде әділдік те, теңдік те, бостандық та, бейбітшілік те болады деген сөз.

– Жаңа Жолдауда жоғары сот кеңесінің ашықтығы сөз етілді. Қазіргі сот процесінде қаншалықты ашықтық бар?

– Соңғы 4 жылда елімізде ауыр және аса ауыр қылмыстар бойынша ақталғандар саны 7 есе көбейген. Бұрын сот істерінің 85 пайызы мемлекеттік органдардың пайдасына шешілетін. Қазір олай емес, яғни бұл сот саласында реформалар жүріп жатқанын білдіреді. Бұрын тараптардың медиация тәртібімен тек 3 пайызы ғана татуласа, қазір бұл көрсеткіш 34 пайызға жетті. Сот жүресіндегі реформалар бір күнде шешіле салатын дүние емес. Дегенмен сот жүйесін өзгерту заман талабы екендігін ескере отырып, бұл бағыттағы бабаларымыздан қалған мұраның жақсы жағын пайдалану соттың, полицияның, тергеу органдарының халыққа барынша жақын болуына, жұмыстарының ашықтығына оң әсерін тигізгі сөзсіз. Сот саласындағы ашықтық мәселесі, әсіресе, карантин кезінде өзектілігін көрсетті. Процестер онлайн жүргізіліп, барлық деңгейдегі соттардың жұмысы туралы әлеуметтік желілерде, бұқаралық апарат қралдарында жиі айтылып, ашық жазыла бастады.

Ал Конституциялық сот құрылымын енгізу арқылы сот саласындағы ашықтық толық қамтамасыз етіліп, азаматтардың конституциялық құқықтарына байланысты заң

ережелерін түсіндіру жұмыстары мүлтіксіз орындалады деп ойлаймын. Себебі осыған дейін Конституциялық кеңеске азаматтық нормаларға қатысты түсініктеме алу кезінде ашықтық толық қамтамасыз етілмей келді. Жоғары сот кеңесі қызметінде конкурстық, қадірлық жұмыстарының онлайн трансляциясын енгізу туралы бастама құтарлық жағдай. Сот саласындағы қадірлер ашық, тәуелсіз түрде жасақтау арқылы сот үдеріс мен рәсімдерінің ашықтығы қамтамасыз етілетін болады және халықтың сенімі артады.

– Құқық қорғау саласы қызметкерлеріне артылған жауапкершілік ауыр. Бүгінде олардың беделін арттыру үшін қандай шаралар жүзеге асыру тиіс деп ойлайсыз?

– Қоғам тыныштығы үшін өмірін қатерге тіккен, өз ісіне адал қарайтын полициялердің қызметі жеңіл емес. Тәртіп сақшылары күнделікті қызмет барысында түрлі қиын жағдайларға тап болады.

Тәуелсіздік алған жылдардан бері 2264 полиция қызметкері қаза тапса, соның 787-і қызметтік борышын өтеу кезінде, 83-і қауіпті қылмыскерді ұстау операциясы барысында ерлікпен жан қиды. Сондай-ақ 3512 полиция қызметкері жаранат алып, 899-ы қылмыскерді ұстау барысында ауыр жараланып өкпен. Бұл фактілер құқық қорғау қызметінің қаншалықты қауіпті екенін айғақтайды. Демек мұндағы кәсіби құзыртілік деңгейі қоғамдық пікірге әсер етеді, ал бұл елдегі әлеуметтік-саяси жағдайда тікелей көрініс табады.

Балтық елдері мен Грузияның қызметіне ғана емес, тек 3 пайызы ғана татуласа, қазір бұл көрсеткіш 34 пайызға жетті. Сот жүресіндегі реформалар бір күнде шешіле салатын дүние емес. Дегенмен сот жүйесін өзгерту заман талабы екендігін ескере отырып, бұл бағыттағы бабаларымыздан қалған мұраның жақсы жағын пайдалану соттың, полицияның, тергеу органдарының халыққа барынша жақын болуына, жұмыстарының ашықтығына оң әсерін тигізгі сөзсіз. Сот саласындағы ашықтық мәселесі, әсіресе, карантин кезінде өзектілігін көрсетті. Процестер онлайн жүргізіліп, барлық деңгейдегі соттардың жұмысы туралы әлеуметтік желілерде, бұқаралық апарат қралдарында жиі айтылып, ашық жазыла бастады.

– Сұқбатыңызға рақмет!

Өңгімелескен Дина БӨКБЕАЙ

БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ ҰШТАССА...

Қай мемлекет болмасын адам құқығы мен еркіндігі алғашқы орында тұрғанда ғана қоғамда ілгерілеу жүреді, қылмыс азайып, отбасылық құндылықтар мемлекеттік дәрежеге биіктейді. Соңғы жылдары адам құқығына байланысты түрлі жағымсыз жағдаяттар өршіп, бұл мәселенің шешімін табуда заң жүйесін қайта қарау қажеттілігі туғандық. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Құқықтану» кафедрасының аға оқытушысы, заңтану магистрі, университеттің қоғамдық комиссия төрағасы Қуаныш Жақсыбайұлымын осы мәселе төңірегінде сұқбаттасудың сәті түскен еді.

Жаманнан жақсы туады, адам айтса нанғысыз» дейді халқымыз. Отбасындағы ата-ананың мінез құлқы – баланың көз алдындағы үлгі алатын, оған қарап өсетін негізгі нысан. Өрине, бұл мәселенің алдын алу бала тәрбиесінен, бөріктен бастау алады. Отбасында үлкенді сыйлау, кішіге құрмет көрсету, ананы, әкені, қарындасты, жалпы қыз баланы, адам баласын сыйлау деген ұғым санаға сіңірес, ондай ұл мен қыз адамгершіліктен аспайтыны сөзсіз. «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» деп әл-Фараби бабамыз айттып кеткен тәміл күні бүгінге дейін өз күшінде.

Сондықтан білімнен қатар тәрбиені де бірге алып жүру қажет. Осы орайда мектеп

- GAME OVER ТӘМІЛ БІЛІМІ 3 БЕТ
- ТҮБЕЫСТЫҚ КІМІ БАҒЫРҚЫЗЫҒА БІМІНІҢІЗДІ 4 БЕТ
- VAR: БАРМАҚ БАСҚЫ ӘРКЕМЕТ БОЛМАҒАЙЫ 7 БЕТ
- ТАРХИМ КОМПИЛТКЕ МОЛ 8 БЕТ



Алдымен республиканың әр өңірінен жиналған НЗМ оқушылары мен жалпы білім беретін мектептердің білім алушылары қазақ, ағылшын және орыс тілінде өткізілген вебинарға қатысып, отандық және шетелдік спикерлермен пікір алмасты. Шарда жасанды интеллект, цифрлы технологиялар, робототехника, инженерия, саулет және экология саласының мамандары ой бөлісіп, оқушылардың танымын кеңейтті. Арнайы ұйымдастырылған көрмеге қойылған қас ғалымдар мен өнертапқыштардың STEAM жобалары медицина, экология, физика саласына жасанды интеллект енгізуге арналған. Қызылордалық зияткер Нұрбол құрастырған ұшу аппараты да ауыл шаруашылығы саласындағы мәселенің оң шешімі болады деп күтілуде. Себебі қондырғылар үлкен алқаптарды тыңайтқыштармен құнарландыруға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде диандардың жұмысын жеңілдетеді.

– Бүгінде пилотсыз ұшу аппараттары технологиясы қарқынды дамып келеді. Қазір өндірістің көптеген саласы автоматтандырылған жүйеге көшеді. Біздің жобамыз егін саласында пилотсыз ұшу аппараттарын қолдануға бағытталған. Бұл фермерсіз-ақ үлкен аумақтарды тыңайтқыш арқылы байытуға мүмкіндік береді. «Ұшатын фермердің» өзге дрондардан айырмашылығы – ұшу уақытының ұзақтығында. Өрі құрылғы климаттық жағдайға тәзімді болып келеді, – дейді жас ғалым.

Шара барысында экологиялық жобалардың үлкен сериясы дайындалды. Оның ішінде істен шыққан техникалар бойынша «Екінші өмір» жобасы, сондай-ақ тұрмыстық қалдықтарды «ақылыды» жинауға, атмосфераны және жалпы табиғатты сақтауға, қоршаған ортаны қорғауға, экологиялық мәдениет пен жауапкершілікті қалыптастыруға бағытталған роботтар мен жүйелер бар.

Жыл сайын Назарбаев зияткерлік мектептерінде дәстүрлі түрде көктемгі ғылыми жобалар байқауы өтеді. Ғылым мен білімге жақын зияткерлердің мүмкіндігін танытатын биылғы Наурыз кездесуі «Жасанды интеллект және мехатроника» тақырыбына арналды. Елдің түпкір-түпкірінен жиналған дарынды оқушылардың қатарында қызылордалық жас ғалым Нұрбол Жақсылық та бар. Ол Түркістан қаласында өткен ғылыми жобалар көрмесіне «ұшатын фермер» жобасын ұсынды.

«ҰШАТЫН ФЕРМЕР» ЖОБА: ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ

Сондай-ақ Наурыз кездесулерінде бағдарлама-ланған оқу-жаттығу дрондарының ұшуы, «Ең сейсмикалық тәзімді құрылым» командалық ойыны, жас өнертапқыштар құрастырған «NIS Intell Race» автожарысы мен «Алтын сақа» ойыны жоғары бағаланып, келушілердің ерекше ықыласына бөленді. Айтпа кету керек, таңдаулы білім ордасы аз ғана уақытта республикада көшбасшылар қатарына шығып, бөсектеге бейімділігін көрсетті. Жетістіктер аз емес, оқушылар көпсалалы ғылымның тереңіне бойлап, үлкен ізденіспен білімін шыңдауда. Заман ағымына қарай қамданып, болашақта сұраныста болатын осындай жаңашылдықтарды меңгеруге ынталы. Ең бастысы, жанарында оты, жүрегінде жалыны бар жас инноваторларға қолдау зор.

Білім ордасында әрбір сабақ зертханалық жұмыспен жалғасын табады.

Теория жүзінде алған білімді практикамен ұштастыруға мүмкіндік мол. Білім алушылар нанотехнология кабинетінде өрт сөндіру, криминалистика, медицина салаларына қатысты жасаған тәжірибелерін қызықтай алады. Ал биотехнология кабинетінде ДНК тізбегін анықтап, жасанды жолмен ұлпа өсіру жолдарын зерттеу, түрлі микробиологиялық синтездерді, генетикалық және клеткалық инженерияны қолдануға қатысты зерттеу жұмыстарымен айналысуына болады. Сонымен қатар білім ошағы IT, робототехника саласын дамытуды жолға қойған. Мұның барлығы өмбебаптылыққа баулып, болашақта инновациялық технологияларды одан әрі игеруге сеп. Мектеп түлектерінің қазақстандық және шетелдік университеттердің білім гранттарына жиі қол жеткізуі соған дәлел. Олар Италия, Ресей, Гонконг, АҚШ, Венгрия, Оңтүстік Корея және Малайзия елдерінің озық білім ордларынан тегін оқуға үзбей шақырту алып жүр. Бір сөзбен айтқанда, ұлы Абайдың «Дүние де өзі, мал да өзі, Ғылымға көңіл бөлсеңіз» деген өсиетін жастар жетіе ұғынған және олар ізденіске іңкер.

Гүлдана ЖҰМАДИНОВА



Алдымен аудан әкімі Руслан Рүстемовтің қатысуымен Жаңақорған кенті «Ипподром» мөлтек ауданындағы мектеп құрылысы басталды. Өңір басшысы білім ұясының алғашқы кірпішін қалап, сөттілік тіледі.

— Мектеп құрылысына тапсырыс беруші — облыстық құрылыс басқармасы. Бас мердігер — «Авангард» ЖШС. Техникалық қадағалаушы, бас жобалаушы бекітілген. Былтыр облыстық бюджеттен мектеп құрылысына қаражат бөлінді. 20 млн теңгеге жер телістеу, жобалау жұмыстары жүргізілген болатын. Быыл тағы қаражат бөлінді. Соған сәйкес, аудан әрдагерлерімен бірге құрылыстың іргетасын қалауды жоспарлаған болатынбыз. Нәтижесінде ойға алған бастама жүзеге асуда. Быыл аудан көлемінде 7 әлеуметтік нысанның құрылысы жүреді. Олар — 3 мектеп, 2 балабақша, 2

Бүгінде тұрғындардың әлеуметтік әл-ауахатын көтеру ісі экономикалық нақты шешім қабылдауды талап етуде. Оған қоса саяси қадамдар ауыл-аймақтағы халықтың қордаланған мәселесін, көпшіліктің көкейіндегі күрмеуді шешуге жәрдемдесері анық. Орайы келгенде айта кетсек, Жаңақорған ауданында бірқатар бастама іске асуда. Өңірде жаңадан бой көтерген нысандардың саны артып, кәсіпкерлік қарқын алған. Әсіресе, кенттегі 300 орындық мектептің құрылысы басталғанына тұрғындар дән риза. Аймақ тілшілері де жағымды жаңалықтың күәсі болып, баспасөз туры аясында аудандағы құрылыс жұмысымен танысып қайтты. Басты мақсат — қолға алынған істі оқырманға насихаттау.



ЖАҢА МЕКТЕП, ЖАҢАШЫЛ ОРТАЛЫҚ...

мектептердің салынуы құптарлық әрі қуанарлық.

БАҚ өкілдерінің Жаңақорған ауданындағы келесі бағыты — «Абдулла» шаруа қожалығы болды. Аталған шаруашылық жылына 3,5 мың тонна құс етін өндіретін фабриканың құрылысын бастаған. Жобаның жалпы құны 5 млрд теңгеден асады. Оның 2,8 млрд теңгесі «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы берілсе, қалған бөлігі қожалық есебінен жүзеге аспақ. Шаруа қожалығының жергілікті өкілі Ерлан Пірманбетов аталған жобаның жай-жапсарын баяндады.

— Құс фабрикасы іске қосылғаннан кейін облыс халқы тұтынатын құс етінің үштен бір бөлігін өндіруге қол жетеді. Қазір 6 құс қорасы мен 1 құс сою пунктін құрылысы жүруде. Оған қоса жұмыс істейтін тиісті техникалар алынды. Жоба жүзеге асқанда мұнда 120 адам еңбекпен қамтылады. Былтыр аталған жоба өңірлік индустрияландыру картасына енгізілген. Бүгінде инфрақұрылымдарды жеткізу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Жақында сараптама қорытындысы шығады, — деді шаруашылық өкілі.

Көктем — диқан жұмысының қызатын тұсы. Бірі тұқым алып дайындалса, енді бірі қызу жұмысты бастап та кеткен. Біз де Жаңақорғанға сапар барысында егін мен егіншінің жай-күйін білуге тырыстық. Қожакент ауылындағы «Арай» шаруа қожалығының көктемгі дала жұмысына күе болдық. 2017 жылы құрылған шаруашылық алқапта күріш, жоңышқа, бидай өсіруді кәсіпке айналдырған.

— Рас, соңғы жылдағы қиындық жергілікті диқандарға оңайға соғып жатқан жоқ. Дегенмен өзімізге жақын етене кәсібіміз болғандықтан, барлық ауыртыпалықты жеңіп келеміз. Быыл да үлкен үмітпен берекелі істі қолға алдық. Қазір тек күріш егу тиімсіз. Сондықтан диқандарды өртартпандандыруға назар аударылуда. Күрішпен қатар бидай, мақсары, жоңышқа егуге көңіл бөлу қажет, — дейді қожалық

бригадирі Жүсіп Бейбітов. Маңдайдан тер ағып, күректі қолға алып, білек сыбана іске кірісіп кету — диқандардың жылдағы қарекеті. Қиын істе біз оларға жеңілдік тілеп, келесі бағытқа жол тарттық.

Соңғы уақытта мемлекеттік өріпестік аясында жыл сайынғы арнайған көптеген үйірге ашылып жатыр. Бірақ бұл істі бастауға екінші бірі тәуекел ете қоймайды. Себебі балалармен жұмыс істеу ұйымдастырушылық қабілеті зор, тәуекелшіл адамның ғана қолынан келеді. Алдымен жігер, табандылық қажет. Тілшілерді тоғыстырған келесі бағыт — «Тұрғанбай» өнер орталығының мамандарында аталған қарым-қабілет аңғарылады. Жетекшісі Индира Тұрғанбаева өнер мектебінде 7 бағыт бойынша жұмыс жүргізілетінін айтты. Олар — ұлттық би, домбыра үйрену, ән салу және көркем сөз оқу, актерлік өнер, сурет салу, қолөнер (кескіңдеме) үйірмелері. Сапар барысында үйірмеге қызығушылық танытқан балалардың өңірлік мамандарында да мүмкіндігі туды. Талапкерлер ұлттық би билеп, домбырамен ән шырады. Үйірменің жұмыс істеп жатқанына көп уақыт болмаса да балалардың қызығушылығы жоғары екені сезілді.

— Білікті мамандарды тартуға көңіл бөліп отырмыз. Ұстаздар жеткіншектердің өнерді жете меңгеруіне зер салады. Қазірдің өзінде балалардың қызығушылығы ерекше. Өзге де облыстарда мұндай орталықтар ашылып жатқанынан хабардармыз. Ал аудан бойынша алғашқылардың бірі болып осы істі қолға алғанмызды мақтан етемін, — деді И.Убайдаева.

Жаңақорғанда жағымды жаңалық көп. Оны БАҚ-тан, әлеуметтік желіден көруге болады. Ал мұндай нәтиже тұрғындардың пікірін ескеріп, мәселені шешуде ұтқырлық таныта білетін басшылық жұмысына байналысты.

АРУЛАР ӘЛЕМІ



Қаладағы «Поэзия кеші» қозғалысы — өмірін өлеңмен өріп, өдемі өлемде жыр бесігін тербеткен жандардың ортасы. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің жастар саясаты және тәрбие жұмыстары бөлімінің басшысы, ақын Жанар Бимұратқызы, осы оқу орнының биар-менеджері Талғат Мәңдібай, жас ақындардың баспаменмен құрылған қозғалысқа быыл жыл толды және ол шығармашыл жастарға ерекше леп еңкелгені рас. Себебі мұнда лирикалық жырдың кеусар бұлағына сусындап, өзінше рухани демалыс сыйлап аласыз. Жақында біз осындай кештің бірінен табыдық.

Бұл жолы кеш «Қыздар поэзиясына» арналды. Рухани шарада ҚР Жазушылар Одағының мүшесі Мәлдір Айтбай, жазушылық пен журналистиканы қатар алып жүрген әріптесіміз, облыстық «Сыр дарыны» жобасының жеңімпазы Дина Бөкебай, жас ақын Зейнеп Амангелді мен түрлі мұшайылардың жеңімпаздары жүрек түбіндегі асылы мен алтынын шашты. Өдемі кеш жас музыкант Нұркен Ақбергеновтің виолончельде классикалық өнедерді сүйемелдеуімен жалғасын тапты.

Кеште тамшыдай тұнық сезім мен мұңды, қаптысыз інкәрлікті арқау еткен өлеңдер оқылды. Әр ақынның өшпінге ұқсамайтын өзіндік өлемі бары, бірақ, ишеуін де біріктіріп тұрған алып күш — поэзия екені байқалды. Махаббат, табиғат, туған жерге қатысты жазылған туындыларды сіз де тыңдаудан жалықпас едіңіз. Келушілердің «Ойын бүкпесіз ашық айтатын қыздардың бары — қазантық бақты. Сырдың ақын қыздары, жасай берсін!» деп тілек жаздырып, құрмет құшағында тербетуі де осыдан.

ЕРЛІК ҮНІ



Халықаралық ақын-жыраулар одағының мүшесі, республикалық конкурстардың лауреаты, жырыш Мәрат Сүгірбайдың шығармашылық кеші өтті. Өнерпаз қызылорда облыстық филармонияның 50 жылдығы аясында ұйымдастырылған шарада Жанқожа батыр үні баяндалған «Батыр баба» дастанын жырлады.

Мәрат Бөрідайұлы дастанды бір жарым сағат тапжылмай жырлап, жиылған халықтың қошеметіне бөленді. Дәстүрлі өнерді дәріптей білген азаматтың шығармашылық қарым-қабілетіне қызылордалық тыңдарман дән риза болды.

— Сырдың елі, жырдың өлінде дастан жырлау өнері тыңдарманын таппаса ауыр сын болар еді, ал егер бұл өнер насихатталмаса тіпті қиын ғой. Кеш өдемі өтті. Батыр бабаның ерлігі жырланса, оны Мараттай талант жырласа кештің әсерлі өтуі де сөзсіз еді. Көреермен жырғауа шабыт берді, жырғау алқағы жұрттың көңілінен шыға білді. Керемет үнісіміз. Дәстүрлі өнерімиздің көкжиегі кеңейе берсін! Кешке арнаған уақыт зия етпеді. Ұлттық өнерге қошемет білдіріп, рухани күш алдық. Ұлттық өнерімизден сусундасқан, тыңдап үйренсін, сөз қадірін, тіл қадірін сезінсін деп балаларын ертіп келген көреермендерге қуандық, — деді облыстық филармония директорының орынбасары Азиза Іздіқұлова.

ОТБАСЫ ТЕРАПИЯСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР



Психологиялық қолдаудың маңызы қашанда зор. Әсіресе, мұның әсері пандемияда байқалды. Облыстық жастар ресурстық орталығында қызу желі іске қосылып, ахуалдан қажығанды түркін психолог көмегіне тегін жүгінуге мүмкіндік алған болатын. Қуантатыны, бұл жұмыс жалғасуда. Жас отбасылар мәселесі де күн тәртібінде, оларға отбасы терапиясына қатысты қажетті мағлұматтар беріледі.

«Жас отбасы — жарқын болашақ» тақырыбымен өткен кезекті тренинг осыған дәлел. Шарда облыстық психиатриялық денсаулық орталығының психологы Динара Айбосынова қатысушылардың сан сауығын қамтып, тың деректермен бөлісті. Соның ішінде елімізде ерлі зайыптылар отбасы психологиясы көмегіне жиі жүгінбейтін және оны менталитетпен байланыстыратынын алға тартты.

Сондай-ақ жастардың назарына танымал мамандардың арнайы зерттеулерін ұсынып, «отбасының өмірлік циклі», «екі жастың өз ерекше» секілді тақырыптарды тарқатты. Психолог ажырасудың алдын алу мақсатында бірінші кезекте ерлі-зайыптының ортақ мақсат-мүддесі болу керектігі тағы бір еске салды.



айналатынына сенім мол, — деді мекеме директорының орынбасары Оразхан Абдуллаев.

Жыл өткен сайын кентте тұрғындар саны, бала көрсеткіші артып келеді. Бұл, әрине, қуанарлық жағдай. Осыған орай әлеуметтік қажеттілік те арта түседі. Болашақ үшін ең бірінші білім керек. Сондықтан осындай ауылдық мәдениет үйі. Барлық құрылыс нысандары быыл пайдалануға берілуі тиіс, — деді аудан әкімі Р.Рүстемұлы.

Мектеп құрылысының «Ипподром» шағын ауданынан бой көтеруі тегін емес. Бұл

Геосаяси ахуал, әскери қақтығыстардың салқыны әлемдік сауда айналымы мен логистикалық жүйенің күрт құбылуына әкелгені жасырын емес. Ресейге салынған экономикалық санкция зардабынан Ортағалық Азия елдеріндегі нарық бағамы артып, тауар тапшылығы сезіле бастады. Аталған келеңсіздік Қазақстанда да айналып өткен жоқ. Азық-түлік бағасында біршама өзгеріс орын алып, халық көп тұтынатын өнімдерге сұраныс артқан.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев кезекті Жолдауында жағдайдың мұндай деңгейге көтеріліп болмақ, тіпті, Үкіметке дағдарысқа қарсы іс-қимыл көшенін ойластыруды тапсырған болатын.

Алайда алдын ала болжамға қарамастан нарықтағы баға көрсеткіші төмендеді. Оны базардағы қанттың бағасынан-ақ аңғаруға болатындай. Азық-түлікті айтағанда киім-кешек, тұрмыстық техника, шаруашылық тауарлары, әуеөлік бағамына дейін көтерілуде. Ізінше Сауда және интеграция вице-министрі Ерлан Баттақов бағаны тұрақтандыруға қатысты шаралар қабылданатынын жеткізіп, бірқатар жоспармен бөліскен еді:

«Азық-түлік сатып алуды әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының көлемін ұлғайта отырып, үш бағыт бойынша жүргізу

ұсынылады. Бірінші, ұзақ мерзімді сақтау тауарларын (күріш, қант, тұз және қарақұмық жармасы) тұрақтандыру қорларына тікелей және форвардтық сатып алуды ұсынамыз. Екінші, айналым схемасы аясында көкөніс, ет, сүт өнімдері мен күнбағыс майы сатып алынады. Үшінші, үн, нан өндірісін арзандату үшін бидариді «Азық-түлік корпорациясы» арқылы сатып алу.

Сондай-ақ аталған институтты жемдік мақсаттарға және күнбағыс тұқымына астық сатып алу үшін тарту қарастырылады. Жоғарыда аталған тәсілдер халықты өніммен жеткілікті көлемде және қолжетімді бағамен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді», – деді вице-министр.

Дегенмен, халықтың аталған бастамаларға күдіктен қарайтын жасырын емес. Оған алыпсатардың көбеюі мен бақылаусыз кәсіпкерлік себеп болса керек. Өйткені, тұрғындар дағдарыстың ауырталығы кәсіпкерлікті тұралаптанғымен бағаны негізсіз көтеру арқылы пайда табудың дұрыс емесін айтады. Әлеуметтік желіде де пікір қайшылығы орын алып, мәселені түрлі көзқарас пайда болды. Көбісі қысылған шақтағы кәсіп иелерінің шешімін орынсыз деп айыптап, билік тарапынан бақылау күшейтілуін талап етуде.

БАҚ өкілдеріне берген мәлімдемеді вице-министр Ерлан Баттақов азық-түлік тауарларының қоры жеткілікті екенін айта келе, аталған мәселені назардан

тыс қалдырмай, шешу жолын ұсыныпты. «Бұл ретте бағаның негізсіз өсуіне және алыпсатарлыққа жол бермеу үшін республикалық және жергілікті атқарушы органдар сауда субьектілерінің сауда үстемесін сақтауын тұрақты тексерулер жүргізеді. Премьер-министрдің тапсырмасы бойынша айналым схемасы шеңберінде сатып алуды 54,6 млрд теңгеден 100 млрд теңгеге дейін ұлғайту туралы шешім қабылданды. Ал тұрақтандыру қорын ескере отырып, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын сатып алу үшін қаржыландырудың жалпы көлемі 140 млрд теңгеге дейін жеткізілетін болады», – деді Ерлан Еркінұлы.

Айта кетейік, жыл басынан бері Қазақстанда әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасы 8 пайызға өсті. Бағаның құбылуы барлық өңірде байқалғанымен, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Павлодар Атырау облыстарындағы ахуал күрделене түскен. Қызылорда облысында да азық-түлік бағасы өскенін байқауға болды. Өсіресе, алтаға жетпей қанттың құны 460 теңге көтерілді.

Жақында әлеуметтік желі арқылы «үш айдан кейін қор таусылып, қант тапшылығы болады» деген ақпарат тарайды. Сол-ақ екен, базар мен сауда

нысандарында қант сатып алуға кезекте тұрған халықтың қатары көбейіп, тіпті кей кәсіпкер пайдасын еселеу мақсатында бағаны көтергені байқалған. 1 келі қанттың құны 460 теңгеге жетіп, сауда орындары тауарды шекті мөлшерде ғана сатылымға шығарды.

Алайда мамандар мұндай ақпарат негізсіз екенін айтып, тұрғындарды дүрліктеуге шақырды. Ақпарат шындыққа жанаспайды. Сауда және интеграция министрлігінің ресми өкілі Әлішер Әмірзақтың мәлімдемесінен тараған хабардың жалған екенін аңғаруға болады.

«Бүгінде елде қант тапшылығы жоқ. Сауда

желілері мен тұрақтандыру қорларында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарының қоры кемі үш айға жетеді. Сонымен қатар қант өндірісі жалғасып жатыр, тоқтамайды. Яғни, «үш айдан кейін қор таусылады, қант тапшылығы болады» деген ақпарат шындыққа жанаспайды», – дейді Ә. Әмірзақ.

Аймақтағы сала мамандары да министрлік өкілінің пікірін қолдап,

Маратқызының Қызылорда қалалық «Ақмешті» басшылығының тіпшілеріне берген мәліметі де сөзімізді растап отыр. Маман өңірде қант тапшылығы жоғ, сырттан алынатын қант көлемі өз деңгейінде жүргізілетінін айтқан еді.

«Қазіргі кезде облыс бойынша 334,2 тонна шамасында қант қоры бар. Оның ішінде сауда үйлерінде 106,6 тонна, ал тұрақтандыру қорында 100 тонна өнім бар. Бүгінде аймақта 36 әлеуметтік дүкенде және ірі сауда орындарында қант сәулесі 263 теңгеден сатылуда. Мамандар бірінші кезекте қажет деп табылатын әлеуметтік азық-түліктердің бағасына күн сайын мониторинг жасап отыр. Айта кетейік, алдағы аптада тұрақтандыру қорына «Азық-түлік келісім шарт корпорациясы» ҰҚ АҚ арқылы қосымша 136 тонна қант келеді. Жыл соңына дейін 3314,8 тонна қант жеткізу көзделуде», – деді сала маманы Айнур Маратқызы.

Расында, дағдарыстың экономикалық зардабы азық-түлік тапшылығымен шектелмегені анық. Қазақстанда өндірілетін тауарлардың жағдайы бақылауда болғанымен шет мемлекеттен тасымалданатын өнімдердің келешегі әлі күдік туындайды. Бұл – бізде ғана орын алған оқиылық емес, әлемге ортақ қиындық. Сондықтан сабыр сақтап, дүрбелеңге бой алдырмау маңызды.



келеңсіздік жоқ екенін айтады. Алта бұрын облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Айнур

Берен ШАҒЫПОВ

GAME OVER НҰМ ВИРТУАЛДЫ ВИРЭС

Әлем халқының үштен бір бөлігі бейнеойындармен таң аттырып, күн батырып жүр. Көпшілік арасында компьютерлік ойындарды тек жасөспірімдер, мектеп жасындағы балалар ойнайды деген пікір қалыптасқан, алайда статистика басқаша «сөйлейді». Бүгінде геймердің орташа жасы – 35-те. Көпшілік мектепте компьютерлерде және ойын клубтарында бірнеше сағатын өткізіп геймерлік жолға келген дейді мамандар. Ал оларды тәуелділікке



CS-go, дота құрал түр. Өсіресе алғашқысы қоғамда кең белең алған.

Ел арасында Pubg деп танылған бұл ойынның топық атауы – «Playerunknown's Battlegrounds». 2017 жылы 23 наурыз күні Steam алаңында пайда болған бұл ойын бірден сұранысқа ие болды. Әр апта сайын рекорд жаңартып отырған ойынның қазіргі таңда 20 миллионға жуық көшірмесі сатылған. Ал онлайн ойнайтындардың саны 4 миллион қолданушыдан асып жығылады. Бұл ойынның мұшарлықты танымалдылығына ие болатын қандай құпиясы бар деген сауал туындауы мүмкін. Брендан Грин жапониялық «Корольдік шайқас» деп аталатын фильмді көргеннен соң ойын шығаруды қолға алған. Ерекшелігі – 100 ойыншы бір үлкен алаңда өмір үшін аикасады. Өзіне қажетті қару-жарақ пен оқ-дәрілерді тауып, өмір үшін өзгелермен күресесің. Pubg ерекшелігі – мына салмақ салатын ешқандай тапсырма орындамайсың. Тек сенен бөлек 99 адам онлайн түрде өмір үшін күреседі. Бар

болғаны осы. Дегенмен ойынды жасаушылар оны барынша дамытуға тырысып жатыр. Түрлі локациялар мен жанрлар. Қару-жарақтың сан түрі мен неше түрлі көліктер. Жалғыз өзін немесе команданды

жеткен, аты алаңына шығып көтесен болады. Ойын үстінде бір-бірімен ең қиындықсыз сөйлесуге мүмкіндік бар. Компьютерге арналған Pubg ойынына сұраныстың артықна социаллық араға бір жыл салып телефонға арналған Pubg Mobile нұсқасын жасап шығарды. Міне, дәл қазір Pubg пен оның Mobile нұсқасы нарықтағы ең сұранысқа ие.

ТӘУЕЛДІЛІКТІ ТҮРЛІ КЕЗЕҢІ БАР
Зерттеу бойынша ойында тәуелділіктің өзіндік даму кезеңі бар. Нақтырақ айтқанда психологтар қоғамның үлкен дертін 5 кезеңге бөліп қарастыраған.

Дайындық кезеңі. Бұл кезде ойындарға деген сезімталдықтың жоғарылауы дамиды. Өзін-өзі бағалаудың төмендігі, эмоцияны басқара алмау, қабылдауға құлықсыздық, агрессия, импульсивтілік және гиперактивтілік, алаңдаушылық, депрессия мен стресс деңгейінің жоғарылауы, миял өлеміне ену үрдісі ересектер мен балаларда құмар ойында тәуелділіктің дамуына ықпал етеді.

Женіс кезеңі. Бұл кезеңде өзін-өзі танудың, кейде материалдық пайда алудың тәсілі ретінде қабылданады. Ақыл бұлшыңғыр бола бастайды, тіпті аз пайда да қызығушылық тудырады. Адам басқаларға өзінің артықшылығын ойын арқылы дәлелдеуге тырысады. Шығын кезеңі. Геймер белгілі бір оқиғалардың жабық шикіткіші болады. Олар қолда бар ақшаны жұмсайды, тіпті, қарыз алуға бейім. Біраз уақыт шығындар тізбегінен кейін ойнауға деген ұмтылыс жоғалады. Алайда, кейбір арандатушы факторлар болған кезде адам қайтадан өзінің қалауымен жүреді және оқиға қайталанатын.

Үміт үз кезеңі. Көп уақытын ойында арнауына байланысты адам барлық нәрсеге қызығушылығын жоғалтады. Мектепте немесе жұмыста қиындықтар туындайды, қарым-қатынас шеберлік өзгереді, психологиялық жағдайы оның отбасында қалыптасуы өмір сүруіне мүмкіндік бермейді. Жақын адамдары үнемі алдаудан, қарыздан шаршайды және

бәрінен алыстай бастайды. Ойыншы мұның бәрін өз себебі тәуелділік екенін түсінеді, алайда өзін-өзі басқаруға деген барлық әрекеті оң нәтиже бермейді. Үмітсіздік кезеңі. Аталған кезеңде геймер өзінің тәуелділігін түсінеді, соған қарамастан ойнауды жалғастырады.

ГЕЙМЕР БОЛҒЫСЫ КЕЛЕТІНДЕР КӨП
Ойындардың барлығын жіті меңгеріп, жоғары деңгейде ойнайтын болсаң, көпшілік саған геймер деген атақ береді. Яғни, бұл кәсіби спортшы дегенге саяды. Нұржан Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде білім алған. Бірақ мамандығы бойынша емес, біз айтқан, өзі әуестенетін pubg, CS-go «дота» компьютерлік ойындарының арқасында ақша табамын дейді. Киберспортпен айналысатын команда мүшесі таңдаулы геймерлер қатарынан көрінгісі келеді.

– Алтасына бір рет, екі рет компьютер клубтарына барып ойнайтынмын. Көп ойнаған соң шеберлене түстім. Ойыннан тәжірибе жинақтаған соң турнирлерге қатысып көрейін деп көбірек ойнай бастадым. Компьютер клубында шеберлігімді байқаған геймерлер командаға шақырды. Жақында турнирлерге қатысамыз, – дейді Нұржан.

Байқағанымыздай, өздерін «геймер» деп атайтын компьютерлік ойында қымартушылар арасында сыйыр өткізу сәнге айналған. Басқа көрсетері қаражат тігіледі. Қаладағы танымал ойынхананың әкімгері Әлішер Дүйсеков 4 рет чемпионат ұйымдастырды. – Компьютерлік ойынмен әуестенетіндердің нақты санын айта алмаймын. Статистикалық мәліметтер платформасынан байқағаным, Қазақстанда жүз мыңдаған адам ойнайды. Аудитория өте үлкен, сондықтан біз сыйыр ұйымдастырамыз. Киберспорт олимпиада ойынына қосылғандықтан сұраныс одан әрі ұлғаюда, – дейді Әлішер.

«БАЛАНЫҢ КӨНПІ ДАЛАДА ЕМЕС»
Сонғы жылдары әлемдік бейнеойындар нарығында

өсім байқалады. 2020 жылы дүниежүзі бойынша видеоойындар нарығы 91,3 млрд доллар болса, 2021 жылы 101,6 млрд долларға жетті. Newzoo компаниясының зерттеулеріне қарағанда, 2022 жылға қарай компьютерлік ойындар нарығы 118 млрд долларға жетуі мүмкін. Белоруссияда құрылған Wargaming.net компаниясының бір ойынына әлем бойынша 150 млн адам тіркелген. Компания 2020 жылы тек World of Tanks ойыны арқылы 590 млн доллар пайыз алған. Тізбектей берсек, әлемде компьютерлік және мобилдік ойындар арқылы мол табысқа көнеліп жатқандар аз емес.

Ие, компьютерлік және мобилдік ойындардың қызығына еніп, өмір мен виртуалды әлем арасындағы шекараны жоғалтқандары да қаншама. Өрине, гаджетте ойын ойнайтындардың бәрін «ауру» деп айтауға болмайды. Елімізде ойындардан зардап шегіп, психиатрлық орталықтарда тіркеуде тұрған балалардың нақты бір тізмі жоқ. Мамандардың өзінше, мұқыммен ешкім айналыспайды. Көбіне отбасының өз ішіндегі түйткілі сияқты қарастырылатын дерт енді әлеуметтік сипатқа ие. «Заманына қарай адамды» демекші бүгінгі балалардың ойыны да виртуалды болып тұр. Бізді ойындарының осы. БҰҰ жанындағы Unicef балалар қоры өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында: «Егер біз, ересектер балалардың белгілі бір жетістікке жеткенін қаласақ, оны солармен бірге жасауымыз керек» деп жазыпты. Кеңіл қойып оқымаса, қарапайым мораль секілді қабылдануы мүмкін. Бірақ жаңы бар сөз. Өйткені әрбір ойын – бала үшін нағыз өмір. Ойында жеңген, өскен, дамыған бала өмірде де бікті байғындарды. Ендеше, оның өміріне жауапты адам, мейлі ата-ана, мейлі мұғалім немесе кез келген ересек баламен бірге ойнауы қажет сияқты. Ал бізде «баланың ойынына араласпаған абзал» деген қасан көзқарас бары жасырын емес.

Ерасыл ШӨРІБЕК

Дегенмен «адамды құстай ұшырып, мал істейтін жұмасты от пен суға түсірген, отансыз тамақ пісіріп, сусыздан сусын ішірген» заманда ақшаны көп тапқан емес, дұрыс жұмсай алатын – қаржылық сауаттылығы жоғары адамдардың ғана көші ілгерілемек.

Ақшаны үнемдеген дұрыс па? Недең, қалай үнемдеу керек? Қаржыны қалай жинаймыз? Бүгінгі ізденісіміз осы сұрақтар төңірегінде ербиді.

Қаржылық сауаттылық – қаржы саласындағы сенімді құралдарды өмірлік тәжірибеде қалай сәтті пайдалануға болатынын түсінуге мүмкіндік беретін кәсіби білім мен маңызды машықтық жиынтығы. Соның нәтижесінде материалдық жағынан орташа деңгейдегі адам табысын жинау, бюджетті сауатты жоспарлау мен тұрақты шығындарды рационалды жарата білудің құпиясын үйренеді.

Қаржылық білімге тоқталсақ, жалпы көз келген адамға қолжетімді қарапайым ережелер легі мынадай: отбасылық бюджетті бақылап отыру, қаржылық қызметтерді сауатты пайдалану. Екіншісіне банктік карта пайдалану, салымдар бойынша табысты есептеу, несие бойынша борышкерлік жүктеліміді есептеу, ақшалай аударымдарды жіберу, коммуналдық қызметтерді төлеу кіреді. Мұның бәрі – күнделіктің тұрмыстың бір бөлігі.

Dauiletten.kz қаржылық-танымдық порталының мәліметіне сүйенсек, қаржылық тәуелсіздікке қол жеткізуде бұлжымайтын бес ереже бар:

- Ең алдымен ерқашан тапқан табысыңыздан азырақ жұмсаңыз;
- Қымбаттан жаққан заттарды уақытында сатып алуға тырысыңыз;
- Аразаңдап жатқанды мүмкіндігінше сатып алмаңыз;
- Өзіндікі дәл қазіргі кезде маңызды саналатын негізгі қажеттіліктермен қамтамасыз етіңіз;
- Заттың бағасына ғана емес, оны ұстауға кететін шығынды да ескеріңіз. Аталған ережелерге зер сала қарасақ, алдымен тұрғын үй мәселесін шешіп алған жөн. Өйткені жеке меншікте жылжымайтын мүліктің болуы – басты қажеттілік. Жыл сайын қымбаттай

түсетіндіктен пәтер немесе үй сатып алу тәуекелді қажет ететін, маңызды процесс екенін мойындау керек. Өйтсе де ештеңеге қарамастан тұрғын үйді ең бірінші орынға қою қажет.

Ескертеміз, үй алған кезде де болашақта бағасы қымбаттайтынын тандаған дұрыс. Жақсы жерде орналасқаны, соңғы талаптарға сай жөндеуден өткені маңызды. Басқа жаққа көшу керек болғанда немесе күтпеген жерден орын алатын жағдай туындағанда тез арада, қымбат бағаға сатуға болатындай етіп тұрақты жөндеуден өткізген жөн.

Қымбат автокөлік немесе саяхатқа шығу үшін қаржыны тұрғын үй, жоғары білім, денсаулық сияқты негізгі қажеттіліктер өтелген соң ғана жұмсаған орынды болмақ. Қажеттіліктің бірі ретінде көлік алу жайына келсек, өз құнынан бөлек, оны сатып алған соң жұмсалатын шығындарды да алдын ала кесіп-пішу керек. Өйткені бар жиган-тергеніңізге көлік алып, аз уақыттан кейін оны сақтандыру, қосымша салық, қымбат бөлшектермен қамтамасыз етуге қажетті қаржы артыл-



Адамды адам еткен еңбек екені бағзыдан белгілі. Ерінбегеннің бәрі еткен еңбегіне қарай аз болсын, көп болсын ақша табады. Иә, ақшаны бәрі таба алады. Абайша айтсақ, «адам боп ақша табудың» амапы көп.

ҚАРЖЫНЫ ҚАЛАЙ ЖИНАЙМЫЗ?

мауы да мүмкін. Осы орайда қазақ қоғамында кеңінен таралған кез келген

бағыттаңыз. Мәселен, жаңа көлік, соңғы шыққан сапалы ноутбук. Мақсатымызды анықтаған соң оған арнайы уақыт шектеуін қоямыз. Қажет қаражатты жинайтын уақыты белгілеу керек. Өрине, көрпеге қарай көсіліп, шамаға қарай маңызды. Қаражат көлемін есептейміз. Мақсатыңыздың бағасы мен уақытын негізге алып, қаражатты белгілі бір мерзімде, нақты қанша күн, алта, айда жинау керектігін анықтау керек.

Кәсіпкер Әмір Жантасовтың айтуынша, ақша таба алмау қазақ қоғамындағы өзекті мәселенің бірі. «Өкінішке қарай бізде халықтың көпшілігі ақша сақтау немесе жинауды қоя тұрғанда, оны таба да алмайды. Бізді мектеп, университет, тіпті, жұмыста да оған үйретпейді. Сондықтан ақша жинаудан бұрын табыс табуды үйренуден бастаған жөн. Айына кем дегенде 300 мың теңге таба алсақ, оны жинау туралы ойлануа болады. Ал ақша жинау үшін алдымен әдет қалыптастыру керек. Күнделікті қандай да бір соманы жинап отыруға кенес беремін. 100 теңгемден бастауға болады, бірақ міндетті түрде күн сайын үзбей салып отыру керек. Осылайша, әдет қалыптасады, екінші жағынан бұл жалақының 10-30 пайызын қалдырғаннан оңайырақ. Содан кейін бұл соманы көтеру керек, мысалы, бұрын 100 теңге болса, енді күніне 1000 теңгеден қалдырып отырыңыз. Осылайша айына 30 мың жиналады. Бұл аз болып көрінуі мүмкін, бірақ бір жылда сіз қосымша қор жинай аласыз», – дейді ол. Ал осылайша тиыннан құралған ақшаны қашан, қайда жұмсаған жөн?

– Жиналған сомандан қайтадан ақша жасауға болғанда ғана жұмсаған дұрыс. Жаңа көлік немесе смартфонға жұмсаудың керекі жоқ. Одан да көп ақша әкелетін жерге, мысалы, бизнеске инвестициялау керек. Ал ең жақсы инвестиция – өзіңе, біліміңе құйылған ақша. Себебі жаңа біліммен одан да көп табыс табуға мүмкіндік бар, – дейді кәсіпкер.

Дина БӨКЕБАЙ

Заман талабына сай баристаға да сұраныс жоғары. Арнайы ЖОО-ның білімін талап етпейтін мамандық

келеді. Қазір кофейналар жылдан-жылға емес, күннен-күнге даму үстінде. Сондықтан кофе индустриясын

істейтін бариста қызбен де достастық, ол маған кофе дайындау технологиясын асықтай түсіндіріп

мамандығым денешынықтыру пәнінің мұғалімі болса да, World of Coffee кофеханасында бариста қызметін атқарамын, – дейді ол.

Бариста болу үшін ұзақ уақыт кетпейді. Бастысы үйренуге деген ниет керек. Осының өзі келушіге керемет дем ұсынуға толық жеткілікті.

– Негізгі кофе дайындауды 3 күнде, күніне 2 сағаттан уақыт бөліп үйренуге болады. Өрине ол үйретуші маман мен кофейнаға да байланысты.

Мысалы, кейбір курсқа келушілер 3 күннен 1 аптаға дейін үйренеді. Курс бағасы 20 мың теңгеден 120 мыңға дейін барады. Бариста болу үшін жас ерекшелігі маңызды емес. Мысалы, мен үйреткен ең жас бариста небәрі 16 жаста. Ал ең үлкені – 50-де. Кофе дайындауды үйрену үшін кофе және кофемашиналарды сатумен айналысатын компаниялармен хабарласқан жөн немесе кофейналармен де келісуге болады.

Жақсы бариста атауындағы маңызды нәрсе – адамның ынтысы, – дейді Олжас.

Кофе дайындау қанша сатыдан тұрады? Бұл сұрақтың бөрімізге берді. Содан соң мейрамхана басшысына «мені бариста қызметіне ауыстырыңызшы» деп өтініш жасадым. Ол кісі бұл ұсынысты естігенде күлді. Өйткені даяшының айлығы баристаныкінен 3 есе көп болатын. Сонда да баристаға ауыстыруын өтінімді, осылайша 2 апта дегенде келісімін алдым. Дәл сол сәтте министр болып тағайындалған адам тәрізді шын қуандым. Негізгі

қызық екені рас. Әдетте кофеге тапсырыс беріп, оны сырттай бақылағанымызбен, кофені дәмді етіп дайындаудың тәсілдерін білмейтініміз рас. Сол үшін кофе қайнатудың қырсырын Олжастан сұрадық.

– Ең алдымен кофені гриндер арқылы үгітеміз. Содан соң үгітілген кофені холдерге салып, кофемашинаға бекітеміз.

Кофемашина бізге 30 мг кофені дайындап береді. Сол 30 мг кофе Эспрессо деп аталады. Эспрессо – «Кофенің ханзадасы».

Кез-келген кофе (американо, латте) сол 30 мг эспрессодан алынады.

Американо кофесіне 30 мг эспрессо және ыстық су ғана қосылады. Ал капучиноға эспрессомен қоса қайнатылған сүт қажет. Сүтті көпіршіктен кезде көпіршік (лактоза) пайда болады. Көпіршік капучиноны сол көпіршігі үшін сүйіп ішеді. Латте-эспрессода да қайнатылған сүт қолданылады, бірақ көбігі аз, сүті көп болу керек. Бұл өте маңызды. Кофенің дәмін өзгертіп, одан сайын дәмдірек ететін қосымша зат-

тар бар. Мысалы, корица, кардамон, ұнтақталған зімбір, бадьян және сироптар кофеге ерекше дәм сыйлайды. Біздің компанияға кофе Украинадан әкелінеді. Өйткені Украина кофе индустриясы бойынша ТМД мемлекеттерінің арасында I орында тұр. Айт кететін маңызды жайт, сусынның сәтті шығуы бірінші кофеге, екінші дайындалатын кофемашинаның дұрыстығына байланысты. Ал баристаның көп жіберетін қателігі – гриндерді дұрыс баптап алмауында. Себебі гриндерді баптап алатын баристалар аз, – дейді маман.

Біздің елде арабиса мен rabusta аталатын кофе ағашы жиі қолданылады. Arabica – теңіз деңгейінен 1000-2500 м биіктікте өсетін ағаш.

Жоғарылаған сайын дәмі өзгере түседі. Хош иісті, жұмсақ әрі қышқыл дәмді бар. Arabica-да кофемі екі есе аз. Ал rabusta теңіз деңгейінен 200-900 м биіктікте өседі, сол үшін жазықтықта көп таралған. Демі қарапайым, бірақ қышқылдығы өте күшті. Rabusta-да кофемі екі есе көп. Егер сіз жұмсартылған,

қышқыл емес кофе ішкіңіз келсе арабиса-ның мөлшері көп кофеге тапсырыс беріңіз. Бірақ rabusta-ның да кофе дәмнің ықпалы мол екенін естен шығармаңыз. Сол – баристаның бізге берген тағы бір пайдалы кеңесі.

Сөз соңында баристадан кофені тандаудағы ерекшеліктер жайлы сұрадық. Олжас көп жағдайда ер адамдардың американоны, ал қыздардың латтені жақсы көретінін айтты.

– Американоның арқасында талай келісімшартқа қол қойылған, себебі жиналыстарда ер адамдар американоны таңдайды. Капучиноны екі тарап та ұнатады.

Ал кофені қатты жақсы көретін адам кофенің әр «нотасын» сезіну үшін эспрессо ішеді.

Ал латте-арт сөзі италиянша «сүт және өнер» деген мағына береді. Сүт арғылы кофеге түсетін фигура немесе әріктер «розеттан» аталады. Латте-арт кофенің дәмі үшін аса маңызды дүние емес. Себебі ол тек әдемілік үшін жасалады, – дейді білікті бариста.

Гүлдана НҰРТАЙҚЫЗЫ



Бұрын елеусіз көрінген кофе ішу мәдениеті қазір адам өмірінің бір бөлігіне айналды. Кезінде Франция, Англия, Шотландияда салмақты өңіме айтылатын ауқымды жиын өтетін орын ретінде танылған кофехананың бүгінде маңызы артып тұр.

турасында «World of Coffee» кофеханасының баристасы Олжас Сүлейменовпен тілдесіп, сұраныстағы сусын жайында өңіме ербіттік. Олжасты сөзіне сүйенсек, Қазақстандағы ең алғаш кофехана Алматы қаласында 2004 жылы ашылған. New Biscuit деп аталатын бұл орын ал күнге дейін өз жұмысын жалғастырып

әлемде қарқын алған табысты бизнес деп айтуға әбден болады. Университетте 3 курс оқып жүрген кезім. Студентке қашанда қаржы керек екені белгілі. Сол үшін жұмыс іздей бастадым. Көп ұзамай мейрамханаға даяшы болып орналастым. Сол кезде ең алғаш рет кофенің дәмін татып көрдім. Кейін тіпті тіл үйірер дәмде дөңгіл алдым. Сол үшін бірге

берді. Содан соң мейрамхана басшысына «мені бариста қызметіне ауыстырыңызшы» деп өтініш жасадым. Ол кісі бұл ұсынысты естігенде күлді. Өйткені даяшының айлығы баристаныкінен 3 есе көп болатын. Сонда да баристаға ауыстыруын өтінімді, осылайша 2 апта дегенде келісімін алдым. Дәл сол сәтте министр болып тағайындалған адам тәрізді шын қуандым. Негізгі

қызық екені рас. Әдетте кофеге тапсырыс беріп, оны сырттай бақылағанымызбен, кофені дәмді етіп дайындаудың тәсілдерін білмейтініміз рас. Сол үшін кофе қайнатудың қырсырын Олжастан сұрадық.





Мамандар ана құрсағындағы нәресте 25-30 апталық мерзімде түс көре бастайтынын айтады. Ал дүниеге келген сәби екі жасқа толғанша ұйқының ритмі қалыпты болмайды. Баланың ағзасы өлсіз, әрі

бір қалыпқа келе қоймаған соң тез оянып, тез ұйқыға кетеді. Сол үшін бастапқы айларда тек қарны ашқанда немесе өзге факторлар әсерінен оянуы мүмкін,

бірақ уақыт өте келе ортаға үйрене бастағандықтан ұйқы сағаттары қысқара

Ұйқы – баланың өсу кезіндегі басты фактор. Ғылыми зерттеулерге сүйенсек, жаңа туылған сәби жасқа толғанша өмірінің алпыс пайызын ұйқымен өткізеді. Бұл баланың дамуында, жасына сәйкес қалыптасуы барысында маңызды саналады. Тек балалар ғана емес, үлкендер үшін де ұйқы жүйесінің қызметін қалыпта келтіріп, еңбекке қабілеттілігін арттыратын рөлге ие. Осыдан-ақ денсаулық үшін ұйқының орны бөлек екенін білуге болады. Сондықтан бүгін балалар арасындағы ұйқысыздық пен онымен күресу жолдары туралы жазуды жөн көрдік.

ҰЙЫҚТАСЫН ТЫНЫШ СӘБИЛЕР

бастайды. Баланың жасы екіден асқан соң түскі және түнгі ұйқыға дағдыланады. Мамандардың пікірінше, баланың қарны ашып, мазасызданып, терлеуі, себепсіз оянып, жылауы және тәнертең оянганда да көңілсіз болуы ұйқысыздықтың басты белгілері. Сондай-ақ қорқынышты түс көру, ауру белгілері (тумау, тісі шығу, іші ауыру) немесе дерлік заттардың әсері де ұйқының бұзылуына ықпал етеді. Бүгінде баласының ұйқысыздығымен шағымданатын ата-ананың қарасы көп болуын медицина мамандары келесі себептермен түсіндіреді. Басты фактор ата-ананың өзіне байланысты. Себебі баланы кеш тамақтандыру, кешкі уақытта түрлі эмоционалды мультфильм, кино көрсету, ертегі кейіпкерлері арқылы қорқыту («ұйықтамасаң сені аю алып кетеді») баланың жүйке жүйесіне әсер етеді. Сондықтан баланың психологиясына кері ықпал ететін дүниелерден аулақ болған жөн. Бір жасқа дейінгі балалардың ұйқысыздығын қалыпқа келтіру оңай, тек

мына пайдалы кеңестерді естен шығармау керек дейді мамандар. Алдымен, балаға тамақ беретін уақыт жетсе де, оның ұйқысын бұзбаған жөн. Бала қарны ашқан кезде өзі оянады. Екіншіден, бала ұйықтап жатқан сәтте үнемі тыныштыққа үйретпеген дұрыс. Бала адам аяғының сылдыры естілмейтіндей аураға үйренсе, сәл ғана дыбыстан шошып оянуы мүмкін. Сондықтан шамадан тыс мөпелеп, сәби үшін ұйқысыздықты қолдан жасамау қажет. Нәресте түн ішінде оянаса, бөлмедегі барлық жарықты да қосудың қажеті жоқ. Сондай-ақ бір жастан асқан балалардың ұйқысы тыныш болу үшін де ескеру қажет қағидалар бар. Мысалы, бала ұйқыға жатар алдында ойыншығын бірге алып жатса оған ұрыспаған дұрыс. Себебі жұмсақ ойыншықты құшақтап ұйқыға кеткен бала жанында қорғаушысы жатқандай өзін қауіпсіз сезінеді. Баланы уақытылы ұйықтату үшін ата-аналар қолданатын тағы бір әдіс – оны шаршату. Ол үшін кешке қарай баланы шамадан тыс ойнатып немесе телефонға телміртіп

әбден қалжыратады. Бұл мамандардың пікірінше, ең сауатсыз әдістің бірі. Себебі шамадан тыс шаршаған бала түнде жапыл ұйықтай алмайды. Ұйқы алдында баланы тоя тамақтандырмаған жөн. Әсіресе құрамында кофеині бар шоколад, кока-кола, какао сусыны дүниелерді бермеген дұрыс, мұның бәрі баланың ұйқысының ашылып, сергунде өкеледі. Бала ұйықтайтын бөлменің жарығы, киімі де ата-ананың назарында болғаны дұрыс. Себебі мамандар бала ұйықтайтын бөлме тым қараңғы болмауын ескертеді және балаға ұйықтар алдында жұмсақ, ауа өткізетін матадан тігілген киім киізуге кеңес береді. Егер бала түнде шошып оянаса, оны оятуға асықпай, жай ғана арқасынан, басынан сипап тыныштандыру керек. Бастысы, ұйқыға жатар алдында бір сағат сыртта әуірленуді және күнделікті бір мезгілде (кешкі сағат 21.00 немесе 22.00-де) ұйықтатуды дағдыға айналдыруға жөн.

E.ЕРТАЙҚЫЗЫ

Облыста туберкулез бойынша тұрақты эпидемиологиялық жағдай қалыптасқан. Соңғы 10 жылда дертке шалдыққандар 2 есе азайған деген дерек бар. 2012 жылғы 100 мың тұрғынға шаққанда 92,0 процент көрсеткішке қарағанда өлім-жітім де соңғы 10 жылда 4,8 есеге төмендеп, өткен жылы 100 мың тұрғынға шаққанда 1,7 процентті құраған. Бұл туралы «Облыстық фтизиопульмонология орталығының» директоры Әбдігабит Өлбәзімұлынан білдік.

– Біздің негізгі мақсат – туберкулезге шалдыққандарға толыққанды ем көрсету, оның ішінде соңғы шыққан дері-дәрмекпен қамтамасыз ету, науқастарды отбасына қосу, Екінші жағынан, туберкулездің жұқпайтын түрлерін ауруханаға жатқызыбай, үй жағдайында емдеуге мүмкіндік алдық. Оның үстіне дүниежүзінде қысқа уақытта, тез емдейтін дәрілердің бәрі біздің Қазақстанда бар. Үйдегі науқасты сәйкес байланыс құралы арқылы бақылап отырамыз. Науқас дәріні толыққанды ішудің арқасында дертінен жазылып жатыр. Емнің нәтижесі біраз жоғарылады.

Тағы бір дерекке тоқталсам,

туберкулезбен ауыратындардың 50 пайызы – жұмыссыздар. Маскүнем, нашарлар, зейнеткерлер, тіпті, ол жастарда да кездеседі. Студенттер емханадан келіп дәрі-дәрмегін ішуге намыстананды. Айналасындағы достарынан қысылады. Зейнеткерлер де күнделікті келе алмайды. Біз мұның жолын қарастырдық. Емханадағы жауапты мамандар үйіне берді. Осындай бақылау жұмыстарын жолға қою арқылы нақты нәтижеге жете аламыз, – дейді Әбдігабит Өлбәзім.

24-ші наурызда бүкіл әлемде Дүниежүзілік туберкулезге қарсы күрес күні атап өтіледі. Биылғы ұран: «Туберкулезге қарсы күреске инвестиция салыңыз. Өмірге араша болыңыз!». Өлем елдерінде аталып өтетін күннің міндеті – жер

шарының барлық тұрғынына туберкулез проблемасы кез келгеніміздің басымызға түсуі мүмкін екенін, сондықтан күрестің сәтті болуы әр адамның жеке ұстанымына тікелей байланысты екеніне назар аударады. Аурудың алғашқы белгілерінде дереу дәрігерлік көмекке жүгіну керек. Туберкулез дер кезінде анықталып, науқас үздіксіз емделсе, толық айығады. Туберкулезден айыққан адамдар оқып, жұмыс істеуге, дені сау балаларды дүниеге әкелуге және басқаларға қауіп төндірмей толыққанды өмір сүруге қабілетті.

– Жылдан жылға стационарды алмастыратын технологияларды қолдана отырып,

пациентке бағдарланған тәсіп, алғашқы медициналық-өлеуметтік көмек мекемелерінде мобильді топтарда бақыланатын емдеу жүргізу кеңейіп келеді. Өткен жылы амбулаториялық жағдайда ем бастаған туберкулез микробактериясын таратпайтын және айналасындағыларға қауіп төндірмейтін науқастардың үлес салмағы 79,1%-ды құрады. Диагностиканың жылдам әдістері мен тиімділігі жоғары дәрілердің арқасында туберкулез толығымен емделеді, – дейді дәрігер.

Науқастардың емделуге деген бейімділігін арттыру мақсатында жергілікті атқарушы органдар үкіметтік емес ұйымдардың (ҰҰ) көмегімен емделудің

амбулаториялық сатысында науқастарға психосолеуметтік қолдау көрсетеді. Халықтың өлеуметтік осал топтарындағы туберкулезбен ауыратын науқастарды тексеру және емдеу кезінде оларға құжаттарын қалпына келтіруге, психологиялық көмек көрсетуге, емдеуді тоқтатқан науқастарды іздеуге ықпал жасайды. Бұл шаралар халықаралық ұйымдардың көмегімен өткізілуде. Мысалы, «Белая ромашка» үкіметтік емес ұйымы екі жылдан бері жұмыс істеп келеді. Олардың мақсаты – осал топтағы адамдарды ақпараттандыру, оларда туберкулез ауруы бар немесе жоқ екенін анықтау.

– Облыста атқарылып жатқан іс-шараларға қосымша үлесімізді қосып келеміз. Осы уақытқа дейін 5200-ге жуық адамға

ақпараттандыру жүргіздік. Айына бір рет өмірлік қиын жағдайда қалған адамдарды қайта өлеуметтендіру орталығымен бірлесіп рейд ұйымдастырылады. Осал топ болғандықтан барлық мекемемен тығыз жұмыс істейміз. Нәтиже бар, – дейді ұйым төрайымы Роза Сейдұлжақызы.

Науқастардың амбулаториялық кезінде емделуге деген бейімділігін арттыру мақсатында 2014 жылдан бастап жергілікті бюджеттен өлеуметтік көмекке үздіксіз қаражат бөлінуде. Мәселен, 2021 жылы 248118,0 мың теңге қаралған. Жыл бойы 1298 науқас амбулаторлы ем кезінде 10 АЕК көлемінде қаржылай көмек алған. «Бұл көмек 2014 жылдан бастап облыста енгізілді, басқа облыстарда берілмейді. Атырау жақын арада енгізді», – деді бұл ретте Әбдігабит Өлбәзімұлы.

Дәрігердің айтуынша, балалар арасындағы өкпе ауруы да айтарлықтай төмендеген. Жалпы туберкулез скрининг пен флюорография арқылы нақтыланады. Сондықтан дәрігерлер тұрғындарға уақытылы тексерістен өтуге кеңес береді.

Мәлдір САБЫРЖАН

ПРОФИЛАКТИКА БАСТЫ НАЗАРДА

Туберкулез – ауа арқылы таралатын жұқпалы ауру. Оған қарсы ұлттық науқан зардап шеккен адамдарды стигмадан және өлеуметтік оқшаулаудан қорғау және осындай жағымсыз жайттармен күресуге жол ашады.



КӨКТЕМ

СИМФОНИЯ

Көрпеннен таң оятар тақпан арай.
Алмайсың енді жиі телефонды.
Баяғыдай бармайсың баққа қарай.

Қамалған өз ойына торы құстай,
Сезімдімді қайтейін қолы қысқа-ай?!
Беймәлім, біз әйтеуір, соңғы кезде,
Қалатынды шығардық жолығыспай.

Күе еді әр сөзіме ақпан анау,
Ғажап сені сүю де, баққа балау.
Мәңгі өшпесін білемін Аралдық қыз,
Жүрегіме бір өзің жақпан алау.

КІНӘМШІЛ СЕЗІМ

О, менің ақ періштем, таңдай нұрлы,
Жүрегіме сыйладың қандай мұңды?
Тұрмысқа шығарыңды естігенде,
Елестету қиын-ау алда ай-күнді.

Түсіріп қойғаның-ай шырғалаңға,
Үндемеп ем ұйымды ұрлағанда.
Сүргеніміз жақсы еді бірге өмірді,
Жүргеніміз жер басып бір ғаламда.

Жақындамай, алайда алыстамай,
Сөз айта алмай, жағымның қарысқаны-ай.
Сезінбедім жаныңның жылуын мен,
Шашатын күн секілді алысқа арай.

Арпалысып өткендей ақ пен қара,
Кімге келіп кетпеді бақ пен нала.
О, енді кетесің бе, сен де солай,
Қала ма артыңда тек өлкені ғана?..

ҚОШТАСУ

Сұрасаң жиып беріп бар жұлдызды,
Қуанышты етер ем, әрбір күзді.
Мен секілді күбірлеп сен ішіңнен,
Тілемейсің қосса деп тағдыр бізді.

Содан қалып күрсінем түнкте ауыр,
Жүргізей алмай жүргесін жүрекке әмір.

Сенің жайың белгілі тек өзіне,
Мен тілейтін дұғаны біледі (і) Тәңір.

Үкілеген үміт те үзілді шын,
Жойды ма екен білмеймін сезім күшін?
Бірақ сені көргенде біле алмадым,
Ежірлеп неге сонша езілді ішім?

Байламайын бақытты тауып келген,
Назарың бұрылмаса ауып бермен.
Күздің мұңы жауратып, қыздың гүлі
Айырағаны-ай еріксіз сауық күннен.

ҮМІТ

Сенің жүзің құлпырған қыр гүліндей,
Жұпарың бірақ неге жүр білінбей?
Жарты сағат өзіңмен – жар ғұмырдай,
Сенсіз сәттер жаманның бір күніндей.

Қойса, мейлі, мына «ел мақтамай-ақ»,
Жатпаса да ақ боран ақпан аяп.
Сен едің тілегенім Тәңірімнен,
Бұйырса, кім тартады бақтан аяқ?

Сезіміңнің келмеді шарты маған,
Сонда да жоқ-ау сенен артық адам.
Жұматпайдай жыр жазам бір күндері,
Атыңды білетіндей жарты ғалам.

ІЗГІ СӨЗ

Өкінен өткен күнге өзіңді аңсап,
Келгенше қалатұғын кезім қаусап.
Жат па еді жүрегіңе мен айтқан сөз?
Тәтті еді саған деген сезім бар сәт.

Ақ жүзің аппақ еді таң шығындай,
Ақтарыла айтушы ем жан сырымды-ай.
Ертіп апаратын сан қиялға,
Елітіп еріндерің бал-шырындай.

Бұйақ біреу атыңды атағанда,
Жаңылысам сөзден де, нотадан да.
Қыпшаңның сыйлады-ау талай шаттық,
Бұйырғаның қинады-ау жат адамға.

Ес-түссіз ғашық еткен жан ең мені,
Жаңылыса да сұлулар бар елдегі.
Сен сүйген жан әйтеуір біле ме екен,
«Бақытты адам» екенін өлемдегі?

Сені қосып тілеген талай дұға,
Естелік менің үшін әр ай мына.
Бәрін артта қалдыр да, гүлім менің,
«Бақытты бол» енді сен, жарайды ма?

Ақтілек БІТІМБАЙ



АРАЛДЫҚ АРУ

О, талай жан жарасын мендетіп ең,
Содан ба, мұңды әуенге тербетіпем.
Берің кешіп келгенде, енді маған
Сендей жан жолығар ма жер бетінен?



Түспеймін ақымқаттай араға да,
Етім де үйреністі бара-бара.
Ақ пейілмен, ақ қардай ақ сезіммен,
Бақыттыңды тілеймін дара ғана.

«Аман жүр» – деп маған сыр ақтарар ай,

ТАРИХ ТАҒЫЛЫМЫ

Ыбырайдың ізбасары Ахмет ашқан қазақ мектебі, Ахмет түрлеген ана тілі, Ахмет жасаған әдебиеттегі «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газеті – қазақтың маңдайына біткен ірі тұлғаның ерең еңбегі, тарихи мұра. Шәкірт тәрбиелеп, ана тілінің негізін қалаған, көркем әдебиетті де зерттеп, аударма ісімен айналысқан, адамдардың мінез-құлқын мысалдар арқылы көрсетіп, жас ұрпаққа тәрбиелік мәні бар мол мұра қалдыра білген де өзі.

XX ғасырдың басында қазақ даласындағы әлеуметтік-саяси жағдай күрделене түсті. Бір жағынан патшалық Ресейдің отаршылдық саясаты күшейсе, екінші жағынан, жергілікті ұлықтардың озбырлығы отқа май құя түскендей болды. Осы кезде қазақ оқығандары – А.Байтұрсынұлы, Ө.Бөкейханов, М.Дулатов бастаған топ халқының санасын сілкіп, азаттық үшін күрес жолына бастады.

Осы топтың ішінде Ахмет Байтұрсынұлының атқарған қызметі ерекше. Оның бүкіл саналы ғұмыры туған халқының бақытты болашағы үшін қызмет етуге арналды. Жастайынан әділетсіздікті көп көріп өскен Ахметтің ой-санасы ерте оянады. Ол көрген өмірдің ауырталлығы, патша өкіметінің отаршылдық қысымы жас жігіттің бойындағы халықтық қасиеттерді қалыптастырды. Патша ұлықтарына қарсы шыққаны, әкесі мен ағасының сотталып кетуі, кейіннен зорлық-зомбылықты басынан көп өткеруі оның азаттық жолындағы күреске ұмтылуына алғышарт іспетті. Бұл туралы өз өлеңінде «оқ тиіп, он үшімде ой түсіріп, бітпеген жүрегімде бар бір жарам» деп, он үш жасынан бастап осы жолға түскенін айтады. Кеңес үкіметі орнаған соң, халық ағарту саласында еңбек етті. Ол қазақ тілінің тұңғыш алфавитін жасады, ана тілінде оқулықтар жазды, сөйтіп ұлттық тіл білімі мен жазба әдебиеттің негізін қалады.

Ахметтің жазушылық қызметі мысал жазудан басталды. Оған дәлел 1909 жылы И.А. Крыловтан аударған «Қырық мысал» атты жинағы. Біз үшін «Қырық мысал» жинағы несімен құнды? Ақын қарапайым мысал тілімен ел ішіндегі жағымсыз қылықтарды, әділетсіздікті аяусыз сынады. Ақынның өз өлеңдері кірген «Маса» кітабында да ашық жеткізе білді. Қазақ халқының қоғамдық дамуда артта қалғанын көріп қынжылған біртуар тұлға ел ішінде орын алған келенсіз жағдайды сол күнде суреттей білді. Халқының бейғам ұйықтап жатқан қалпын көріп, маса болып оятуға тырысады.

Шолпан Шермағанбетқызы, М.Дүісенов атындағы №15 мектеп-лицейдің қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі

«ТЕК» СӨЗІНЕ ҚАНШАЛЫҚТЫ МАН БЕРЕМІЗ?

Аяқ киімді үйден жақсылап майлап шыққаның есіңе түсіп, еңбегің еш кеткендей іштен тынасың. Осындайда ойға шомып кететінің де бар...

Кептеліс сөзімен қалаға келгелі танысып, Қарап отырсам, адам өмірінің өзі кептеліс екен ғой. Осындайда өзімді көлікке ұқсатамын. Өмірдің өзі арпалыс, ал сен сол жолда асығыс-үсігіс арман-мақсатыңа жетуге

Аялдамада таңсәріден жасы да, көрісі де «престеліп», автобұсқа қарай жылжыды. Біріміз жұмысқа, біріміз сабаққа асығамыз. Есіктен басыңды сұқсаң болды, ары қарай итеріліп-итеріліп кіріп кетесің.



тыраштанып ұмтыласың. Аласапыран күйі кешіп тұрғанымда «тексіз» деген сөз жүрегімді тіліп өтіп, құлағымды шыңылдатты. Жалт қарадым. Қазақтың ең ауыр сөзі тек ашынғанда ғана айтылатын еді. Кезекті аялдамадан түсуге ниеттенген әжейді, қағып-соғып, екі жас жігіт сыртқа

ұмтылыпты. Әжей билет тексеруші ағайға қарай құлады. Құдай сақтап, тексеруші епті болып шықты. Әлігі екеуі кешірім сұрамастан алды-артына қарамай зытып барады. Әжейдің көзі мөлтілдеп, тек «тексіз» деген сөзді айтты да, көпкітен түсті. Басында селтендеген ақ орамал, үстінде өң бере бастаған қызғылтым көйлек, оның сыртынан оюланған көк жөкет, аяғында мәсі. Жанындағы жалғыз серігі таяғына сеніп, жаңа қадам басқан баладай аяғын санап

басып кетіп бара жатты. Көлік ішіндегі бұл жайт сол мезетте тез ұмытылды. Ал мен шашыраңқы күй кешіп, аялдамадамыз күттім. Себебі бұл ауыр сөз тек саған ғана емес, жеті атаңа дейін сүйектен өтеді емес пе? Батыр Бауыржан атамыздың «Тексізден тезек артық, арысыдан айуан артық» деген ұлағатты сөзі еріксіз ойға оралады мұндайда. Кейде замандастарым «тек» сөзіне мән бермек тұрмақ, жеті атасын санамалап бере алмайды. Тілге тиек

өтер сылтауы – қазақ ішінде бөлінбеу керек. Иә, бөлінбеу керек. Бірақ өз ата-тегің білу міндетті емес пе? Сол арқылы қан тазалығын сақтаймыз. Кенет «ҚазҒУ» деген жүргізушінің сөзі ойымды бөліп жібергені. Сабаққа қарай асыға жөнелдім. Автобұстағы ойым сабақсыз үзіліп, көлікте қалды.

Ақерке БЕҒАЛИЕВА, Ғылыми жетекшісі: Данат ЖАНАТАЕВ, өл-Фараби атындағы ҚазҒУ, философия ғылымдарының доценті

Наурыз айында ел футболы жаңалықтарға толы болды. Федерация президентінің сайлануынан басталған өзгерістерді көпшілік оңға балайды. Десек те сіз бен біз білмейтін жаңалық жетерлік. Бұл жайында Қазақстан футбол федерациясының қоғаммен байланыс департаментінің директоры Ермұхамед Мәуленмен сұхбатта толығырақ сөз өтеміз.

Ермұхамед МӘУЛЕН, Қазақстан футбол федерациясының қоғаммен байланыс департаментінің директоры:

«VAR: БАРМАҚ БАСТЫ ӘРЕКЕТ БОЛМАЙДЫ»

– Ереке, Қазақстан футбол федерациясында түрлі өзгеріс орын алуда. Соның бірі ұлттық құраманың бас бапкері болған Талғат Маруаулының қызметтен кетуі. Жалпы бұл сенсациондық жаңалық па, әлде қалыпты жағдай ма?

– Иә, федерацияға жаңа басшы келгенден қадрлық өзгерістер орын алуда. Алдымен Қазақстан ұлттық құрамасының бапкерлері ауысты. Мұны сенсациондық жаңалық деп есептеймін. Оның орнына Андрей Карпович келді.

Талғат ағамызға алғыс айтып шығарып салғаннан кейін бұл кісінің бір жылда істеген шаруасына ешкім әлі баға бермеді. Қасында жүргенден тарқатсам. Ең алдымен біз Қазақстан – Франция ойынының алдында баспасөз мәслихатын түгел қазақ тілінде өткіздік. Талғат Маруаулы қазақша сөйлеген соң тілшілер де сұрақ қойып белсенді бола түскен еді. Қазақ тілінде сөйлеген адам қазаққа жаңы ашиды, намыстан тапталып, ұлттық құраманың жеңілгенін қаламайды.

Сосын бұл кісінің ерекше ұстанымдары болды. Ойынға дейін киім шешетін белмеге сырттан ешкімді кіргізбейтін. Ойынға дейін дәріс оқып, футболшыларға бәрін түсіндіреді. Бірақ футболшылар 15 минут ойыннан кейін бәрін ұмытып қалып жатады. Футболда өзі солай. Бірінші таймды нашар ойнап, өз-өзімізге келе алмай жатқан соң үзілісте бас бапкер шәкірттерін сабырға шақырады. Әркімнің қателігін көрсетіп, жүрегіне жететін сөздер айтатын. Соның арқасы шығар, соның іркітуе ойындарының барлығында 2-таймда гол салып шықтық. Украинаға Киевте, «Астана Аренада», сосын Босниямен 2:2 ойнағанда да 2 голды екінші таймда салдық. Бұл бапкердің мотиватор екендігінің дәлелі. Бұрын Қазақстан құрамасы бірінші таймды тамаша ойнап, екінші таймда шаршап қалып, соңғы минуттарда гол жібере беретін еді. Талғат Маруаулының кезінде барлығы басқаша болды. Футболшыларда шаршап қалса қолды бір сілтеп жаңын қинағысы келмей жүру жоқ. Түгелі беріліп ойнады. 90 минуттарда біз гол салудың

көкесін көрсеттік.

– Жаңа маман қандай критериймен бас бапкер қызметіне тағайындалды?

– Жас маман. «Қайрат», «Оқжетпес», «Қызылжар» секілді клубтардың тізгінін ұстады. Өткен маусымда «Қызылжармен» тамаша маусым өткізді. Біріншілікте 4 орын алып, Конференция лигаға жолдама алды. Жас мамандарға да мүмкіндік берген дұрыс шығар. Ұлттық құрама деңгейінде алғаш рет қызмет атқаратын маманның әлеуетін айту ерте секілді.

– Құжаты дайын деген Жоу Паулону құрамадан көре алмай отырмыз. Жоу керек па бізге?

– Жоаудың құжаты әлі дайын емес. Егер құжаты дайын болса, құраманы неге қушайтпеске?! Футболшының өзі де Бразилияда ойнай алмайтынын жақсы біледі. Сондықтан өзі үйренген Қазақстанда доп тепкісі келеді. Жоауды да түсінгеніміз дұрыс. Пауло секілді футболшылар Бразилияда көшеде жүр. Сол себепті бразилиялық футболшы біздің құрамада ойнағысы келеді.

– Қазақ футболшылары көпекпенде, яғни тасқа қалып жатқан сыңайлы. Бір ғана мысал, Карпович жаттықтыратын «Қызылжарда» негізгі құрамда бір ғана қазақстандық доп теуіп жүр...

– Солтүстік Қазақстан облысында экономикалық елдердің футболшыларына төтеп беретін жергілікті ойыншы жоқ болып тұр. Сондықтан бапкер амал жоқ Ресей, Беларусь, Армения, Қырғызстан секілді елдердің аяқдошыларына жүгінеді. Мұндай жағдайда клубтарға қаржы беретін облыстық әкімдік пен дене шынықтыру және спорт басқармасы қадағалау керек. Бұл жақсы жүйе деп айта алмаймыз. Әкімдік тарапынан клубқа мақсат қойғандықтан, бапкерлер жергілікті футболшылармен тапсырманы орындамасы анық. Бір жағынан мол жүйе жемқорлыққа алып келеді.

– Қазақстан чемпионатының 3 туры өтті. Деңгей қалай? – Деңгей туралы бағамдауға әлі ерте. Кей командалар өздерінің потенциалын толыққанды көрсете алмауда. Өзіме ұнағаны ақтаулық «Каспий» болды. Благоевич



**БЕЛГРАДТА
БАҚ ЖАНДЫ**

Сербияның астанасы – Белградтағы жеңіл атлетикадан әлем біріншілігі мәреге таяды. Үздіктер сыңға түскен жарыста отандастар алдына жан салмай, жүлдеге қол созды. Жеңіл атлетиканың күрделі түрі саналатын биікке секірушілер сайысында 1 метр 96 сантиметрлік межені бағындырған Надежда Дубовицкая қола медальды жеңіп алды. Жерлесіміз украиналық Ярослава Магучая мен аустралиялық Элеонора Паттерсоннан ғана қалып қойды. Сербияда аяқталған әлем чемпионатының жалпыкомандалық есебінде 4 алтын, 3 күміс және 2 қоланы олжалаған Эфиопия құрамасы алдына жан салмады.

Осылайша, қара құрлық өкілдері алғаш рет осындай зор табысқа қол жеткізді. Екінші орында – АҚШ. Америкалық өрендер 3 алтын, 7 күміс және 9 қоланы иеленді. Үшінші сатыға Бельгия жайғасты. Олардың қоржынында қос алтын медаль бар. Үздік бестікті Швейцария (1+2+0) мен Швеция (1+1+1) түйіндеді. Аталған жарыста 20 мемлекеттің әнұраны шырқалып, барлығы 31 елдің туы биікте желбіреді.

ТАБЫНБАЕВТЫҢ ТӨРТІНШІ ЖЕҢІСІ



Кәсіпқой боксшылар Мәскеу қаласында бірнеше тұжырым бойынша белбеуді сарпақа салды. Айтулы кеште 22 жастағы Елхан Табынбаев өнер көрсетіп, мансабындағы төртінші жеңісіне қол жеткізді. Бұл – оның кәсіпқой бокстағы төртінші жеке-жегі және қарсыласын нокаутқа жіберген екінші жеңісі. Қазақстандық боксшы Елхан Табынбаев (3-0) Мәскеуде үндістандық Исрар Усмановпен (5-0, 5 КО) WBPBF тұжырымы бойынша жартылай ауыр салмақтағы жастар арасындағы әлем чемпиондығы үшін жудырықтасты. Алматылық боксшы бірінші раундтан-ақ қарсыласының басына қатты соққы беріп, бірден құлатты. Мәскеуде Усманниге қарсы жеке-жеке Елхан үшін елімізден тыс жерде өткен про-статустығы бірінші жарыс еді.

Күн жылыды. Жүгіріп жүрген адамдарды жиі көзіміз шалатын болды. Олардың әрқайсысының белгілі бір мақсатта шынығып жүргені рас. Біреулер артық салмақтан арылу үшін жүгірсе, біреулер бұлшықетін қалыптастыру үшін, енді бір тобы бұған кәсіби түрде берілген. Бірақ жүгіру алдында да ескеретін дүниелер бар. Басты ереженің бірі – дұрыс тамақтану.

Жүгіру алдындағы тамақтану, ең бірінші сіздің қанша уақыттан бері жаттығып келе жатқаныңызға байланысты. Егер сіз жүгіруді енді бастағалы отырсаңыз, ақуызы мол, дәруменге бай тағамдармен

тамақтануыңыз қажет. Таңда жүгіретін болсаңыз, ақуызы мол тағамдарға қайнатылған жұмыртқа, омлет, майы алынған айран дастарқаныңызға қойғаныңыз дұрыс.

Егер кәсіби түрде жүгірумен айналысып жүрген болсаңыз, ақуызы мол тағамдармен қоса түрлі жеміс-жидектермен және қуат беретін дәрі-дәрмектерді де мөлшерімен пайдалансаңыз болады. Бұл сәтте дәрігер немесе бапкердің кәсіби кеңесін серік

еткеніңіз дұрысырақ. Жүгіруге бір жарым сағат уақыт қалғанда көмірсуы мол тағамдармен тамақтануға кеңес береміз. Олардың қатарына шоколад, кептірілген жеміс-жидектер, макарон, күріш пен балды жатқызуға болады. Аталған тағамдар денеге қуатты қамтамасыз ете алады. Жүгіру алдында картоп, саңырауқұлақ, шалғам, дән және бұршақ тұқымдас азық-түлік өнімдерінен жасалған тағамдармен тамақтануға қажетті

болмайды. Сонымен қатар майлы тағамдар (ет тағамдары, қуырылған ас) жеуге де асықпаңыз. Өйткені, жүгіру сәтінде ішкен тамағыңыз ағазыңызға кері әсерін тигізеді. Жүгіріп келе жатып бүйрегіңізге салмақ түскенін, жүрек тұсындағы бұлшықеттердің талғанын сезіңіз, келесі жолы жаттығу алдында суды көп ішіңіз. Жаттығуға 30 минут уақыт қалғанда өзіңізді судан шектенді және одан дейін 200 мл-нан артық ішіңіз. Дұрыс тамақтану жүгіруде оң нәтиже көрсетуіңізге ғана әсер етіп қоймай, ауру-сырқаудан аулақ болуыңызға да себеп болады.

БЕКХЕМ БІРЛІКKE ШАҚЫРДЫ

Ресей мен Украина арасындағы шиеленісті тоқтату үшін спортшылар да үн қосуда. Танымал футболшы Дэвид Бекхем 71 миллион жазылушысы бар Instagram парақшасын Харьков перзентханасының дәрігеріне берді. Бұл жайында Дэвид Бекхем арнайы пост жазып, ресми парақшасына жариялады.


«Менің парақшамды бақылап, Ирина және өзге де дәрігерлердің Украинадағы өмірді сақтау үшін атқарған жұмысы жайлы көбірек білесіңдер. Өтінемін, UNICEF-ке көмек көрсетіңіздер», – деген футболшы парақшасын Харьковтегі перинаталды орталық басшысы Иринаға беретінін айтқан.

Бұл орталық тәулік бойы жұмыс істейді. Нақтырақ айтсақ, әскери іс-қимыл кезінде әйелдердің босануына жағдай жасайды.



Бетті дайындаған: Е.ШӨРІБЕК

ЖҮГІРУДІҢ ӨЗ ЕРЕЖЕСІ БАР





– Рустем аға, киномен таныстығыңыз қалай басталды? Бұл салаға келуіңізге кім себепкер?

– Кино саласына келуіме бірден бір себепкер – әкем. Қай сыймаға оқып жатқаным есімде жоқ, бір күні әкем «Бүгін Андрей Тарковскийдің Андрей Рублев туралы тарихи киносын көрсетеді» деп сол фильм басталғанша асыға күтіп, жалғыз өз отырмай, бәріміз бірге теледидар алдына жиналдык. Мені де жанына отырғызып алды. Сол

Мансуров «Сұлтан Бейбарыс» деген фильмді бастаған еді. Сол тұңғышында Жо Пау деген қытайдың рөліне іріктеуден өтіп, актер ретінде эпизодтық рөл алдым. 16 жасар бала ретінде фильмнің қалай түсірілетінін, тарихи туындының аланы қалай ұюмдастырылатынын, Нұрмухан Жанғалиннің басты рөлде ойнағанын өз көзіммен көріп, алғаш рет киноның іші қаралысымен таныстым. Кино алаңында Болат Мансуровты сырттан бақылап, іс-әрекеті қарап жүрсем керек, сонда аға маған қарап «Кер де тұр, осы бала режиссер болады» деді. Сол кезде

Қазақ киносында көрерменге тарихи контент ұсынып, артылар жауапкершілік жүгі мол бағытта фильм түсіріп жүргендер аз. Екеу болса, соның бірі, біреу болса өзі – Рустем Әбдірәш. Режиссер, сценарист, суретші, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Рустем Жарасқанұлы «Сталинге сыйлық», «Қаладан келген қыз» фильмдері, «Елбасы жолы» кинопопелюасы, «Қазақ хандығы» тарихи кинодастанымен танымал. Режиссермен тарихи фильмдер, қазақ киносы мен отбасылық естеліктері туралы сұқбаттасудың сәті түсті.

Болат сценарийге көп өзгеріс енгізділігі, яғни, ағамыз жазған кезде тарихи ізденістер аз еді, соңғы жылдары түрлі бағытта зерттеу жұмыстары жүргізіліп, жаңа ақпараттар жиналып, жанылдықтар ашылуда. Шынымды айтсам, киноны түсіргеннен бәрі де 2-3 жыл өтті ғой, қазір сондай үлкен жобаны қалай алып шыққанымыз деп танданамын. Жобаны жасап жатқанда жорықта жүргендей қаның қызуын сезбейсіз.

дәуірге саяхаттап барып қайтамыз. Жырларды оқысаң, сол заманның әуенін естіп, иісін сезсең, адамдардың жүріс-тұрысын көресің. «Мұртымен көк шаныш» деген сөздің өзі сол кезеңдегі қазақ батырының қайраттылығын көз алдына әкеледі. Сондықтан «Қазақ хандығын» жасаған кезде түгелдей ескі жырларды тыңдап, жырларға сүйендік.

Үздіксіз ізденіспен келген тарихи жобаларымыз прокаттан да өтті, халықтың көңілінен де шақты. «Атмаса қылыш» өзі жалпыдң ішінде 9,5 миллион қаралым

«Едіге», «Мамай батыр» эпосы, Мұхтар Мағулиннің көнекіт кезеңде жазып кеткен «Қыбыз бен найза» тарихи еңбегінде батырлар мен жыраулардың әрқайсысы энциклопедиялық тұрғыдан өз орнын анық көрсетеді, тарихи тұлғаларды іс-әрекеті, айтып сөзіннен тани түстік. Ауыз әдебиеті арқылы қаттандық. Сонымен бірге Рашид ад-Диннің аудармаларына да сүйеніп, маңызды мәліметтерді алдым. Түсіріп жатқанымыз жиырмаасыншы ғасырдағы ұлы отан соғысы емес, бірнеше дәуірді арта қалдырған кез. Сондықтан өткен мен бүгінді саралап, тарихи сабақтастықты ұшастыруға тырыстық. Қалай болғанда да көрермен мұның зерттеу еңбегі емес, көркем туынды екенін ұмытпауы тиіс.

– Қазақ киносы тоқтаған емес. Бірақ өстісі мен өскен елмен өлкені отыратын сыншылар, таразыға салатын талғам жоқтың қасы. Біздің киноға кім баға беріп жүр?

– Негізі қазақ өз-өзіне сын кезінен қарай алатын халық. Бұл бір жағынан жақсы қасиет сынды. Бірақ кейде ретсіз айтылатын сын болады. Бізге сын керек. Аяғыңды, сапың, көбейтсең. Сапалы сынды естеліне болашақ жобаларыңа нұят алып, шынайы шабыттана түсейсің. Ауызым бар деп сөйлей беріңдер де табылады. Оларды қабылдай алмаймын. Өзім де сыншы. «Сыңды айтуын айттым, бірақ оны оқып жатқан, түсініп жатқан адам жоқтың қасы» дейтін еді. Жалпы өнерде, оның ішінде кино саласында көбісі сыншылар қатары аз. Бір-бірін сындағанға бар, олардың сынынан ешқашан қашпаймыз.

– Әдемі өңіме үшін алғыс, Рустем аға!

Сұқбаттасқан Дина БӨКБЕБАЙ

ТАРИХИ КОНТЕНТКЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ МОЛ

құдай ағаңның аузына салды ма, білмеймін. Осындай әсерлер арқылы кино саласына келдім.

– **Есіміңізді өңіңіз Рустем Жаңайдың құрметіне қойған деседі. Рустем Жаңай туралы жадыңызда қандай естеліктер бар?**

– Мен ол кезде кішкентаймын ғой, есімде жоқ. Бірақ ағамның айтуынша, мен дүниеге келердің алдында 70 жылдары «Шахнаменің» негізінде түсірілген «Рустем-Зухрат» деген фильм жарық көрді. Сондағы бас кейіпкер Рустемнің образы ата-анама қатты ұнаса керек. Сонымен бірге Фидрусын поэзиясының әсерімен де осы есімді қойыпты.

Бірақ өкем қатты сыйласқан, жақын досы Рустем Жаңайдың құрметіне қоюы да мүмкін. Оны нақты білмеймін. Рустем ағаны еске алсам, жаңауызбен жақын арадақсан, бір-бірімізге жиі қонақ болатын кездер, өкем екеуіміз әдемі достығы адам, ақындты тұрғыдан шексіз сыйластығы еске түседі.

– **Екінші бір ара бермес, артынан өртені сөз де көп, осындай да жеткілікті тарихи бағытта бірнеше фильм түсірдіңіз. Тарихи фильмдер қаншалықты сұранысқа ие?**

– Ірі жоба қазақ хандығының, Керей мен Жәнібектің тарихы Глиязе Сәевтердің «Көшпенділер» туындысының желісі бойынша түсірілді десек жөн болар. Өйткені түсіріліп кезінде

жұналды. Ал орысша, ағылшынша нұсқасының да қаралымы жеткілікті.

Түркия, Қытай, Ереван арнайы сатып алып, интернет желісіне салуда. Мұның бәрі – тарихи контентке деген қызығушылықтың дәлелі. Шын мәнінде тарихи кинолар қай кезде де қызықты. Себебі өзінің өткен-кеткенін, кім екенін тану әр ұлттың өкіліне өте маңызды. Бір ұлттың жіберген тарихи қателігін қайталамас үшін, ел бопашағы үшін тарихи кинолар жасалуы керек. Жалпы дүние жүзінде тарихи контентке қызығушылық мол.

– **Көрерменді сендіріп, ертедегі кезеңге өрліп өтуі үшін сол заманның бейнесін жасау оңай дүние емес. Бұл жағынан Ақтамберді, Доспамбет сынды жыраулардың жыр-термелері көмектескен, тіпті, қомандаға түгел тыңдатылғаныңды естідің ем.**

– «Елу жылда ел жаңа» дейміз ғой. «Қазақ хандығын» түсірген уақытта сол бір тарихи кезеңге – 350 жыл тоғған еді. Сонда елу жылмен есептесек, он бір рет өліп, қайта тіріліп, қайта түлеген құс сияқты біраз өзгерісті бастан көшірдік. Бірақ бір құнарталығы басқа ел, мәселен, славян халықтарымен салыстыра қарасақ, өлі де болса түп тамырымыздан айырмала қойған жопыз. Ауыз әдебиеті, айтқыс, күл, өң дегені – бәрі де қазақ тарихында төренен тамыр жайған құндылықтар. Ол заманда кинокамера жоқ. Жыраулар мен ақындардың жырларын оқып отырып, сол



«АЛТЫҢЫ САҚА» ОБЛЫСТЫҚ ЕРТЕГІ БАЙҚАУЫ

Облыстық «Ақмешіт жастары» газеті Балалар жылына орай 12-17 жас аралығындағы білім алушылар арасында ертегілер байқауын жариялайды.

Байқаудың мақсаты: Балалар жылы қарсаңында мектеп оқушылары мен жасөспірімдер шығармашылығын қолдау, аймақтағы балалар әдебиетін дамыту.

1.БАЙҚАУ ЕРЕЖЕСІ

1.1. Байқауды «Ақмешіт жастары» газеті және облыстық білім басқармасы бірлесіп ұйымдастырады.

1.2. Байқау шығармалары газетке және әлеуметтік желіге тұрақты түрде жарияланады.

2. Байқау шарттары мен тәртібі

2.1. Байқауға 12-17 жас аралығындағы облыстағы білім алушылар қатыса алады.

2.2. Қатысушылардың материалдарын жариялау 2022 жылдың 30 наурызынан басталып, 20 мамырға дейін қабылданады.

2.3. Материалдар басылымның aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru электрондық поштасына қабылданады. Тел: 40-11-10; +77784020511

3. Байқау материалдарына қойылатын талаптар:

3.1. Байқауға газет-журналға, сайттарға бұрын жарияланбаған жұмыстар қабылданады. Интернет, кітаптан және бұқаралық ақпарат құралдарының мәтіндерін пайдалануға, плагиатқа жол берілмейді. Бірлескен авторлық жол берілмейді (ертегінің бір оқушы жауы тиіс).

3.2. Жұмыс мәтіндік редактордың Word түрінде жазылуы керек. Қарпі – Times New Roman, өлшемі 14, жол аралығы – 1, парақ өніммен тегітесту. Жұмыстың көлемі А-4 форматтарының 2 бетінен аспауы керек (тітулуды бетті қоспағанда). Жұмыстың титулдық бетінде автордың аты-жөні, білім беру ұйымының толық атауы, конкурстық жұмыс атауы көрсетілуі қажет.

4. Қорытынды

4.1. Ертегі байқауының жеңімпаздары 1 маусым – Балалар күні қарсаңында анықталып, газет бетіне жарияланады.

4.2. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге дипломдар мен бағалы сыйлықтар беріледі.

Байқаудың мақсаты: Балалар жылы қарсаңында мектеп оқушылары мен жасөспірімдер шығармашылығын қолдау, аймақтағы балалар әдебиетін дамыту.

1.БАЙҚАУ ЕРЕЖЕСІ

1.1. Байқауды «Ақмешіт жастары» газеті және облыстық білім басқармасы бірлесіп ұйымдастырады.

1.2. Байқау шығармалары газетке және әлеуметтік желіге тұрақты түрде жарияланады.

2. Байқау шарттары мен тәртібі

2.1. Байқауға 12-17 жас аралығындағы облыстағы білім алушылар қатыса алады.

2.2. Қатысушылардың материалдарын жариялау 2022 жылдың 30 наурызынан басталып, 20 мамырға дейін қабылданады.

2.3. Материалдар басылымның aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru электрондық поштасына қабылданады. Тел: 40-11-10; +77784020511

3. Байқау материалдарына қойылатын талаптар:

3.1. Байқауға газет-журналға, сайттарға бұрын жарияланбаған жұмыстар қабылданады. Интернет, кітаптан және бұқаралық ақпарат құралдарының мәтіндерін пайдалануға, плагиатқа жол берілмейді. Бірлескен авторлық жол берілмейді (ертегінің бір оқушы жауы тиіс).

3.2. Жұмыс мәтіндік редактордың Word түрінде жазылуы керек. Қарпі – Times New Roman, өлшемі 14, жол аралығы – 1, парақ өніммен тегітесту. Жұмыстың көлемі А-4 форматтарының 2 бетінен аспауы керек (тітулуды бетті қоспағанда). Жұмыстың титулдық бетінде автордың аты-жөні, білім беру ұйымының толық атауы, конкурстық жұмыс атауы көрсетілуі қажет.

4. Қорытынды

4.1. Ертегі байқауының жеңімпаздары 1 маусым – Балалар күні қарсаңында анықталып, газет бетіне жарияланады.

4.2. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге дипломдар мен бағалы сыйлықтар беріледі.

Көзкеші редактор: Дина БӨКБЕБАЙ

JULDYZ - JORAMAL

(26-31 наурыз)

<p>Тоқты Шығармашылық қабілетіңізді көрсететін орайлы уақыт. Маңызды істе жолыңыз болады. Ол үшін уайымға берілмей, тек сол іске ден қойыңыз. Қаржылық мәселе де шешіледі. Бастысы шынайы қалпыңызды жоғалтпаңыз.</p>	<p>Торпақ Бұл аптада шығын көлемі азайып, біршама қарыздан құтыласыз. Жоспарыңызға қатысты өзгеріс енгізеніз, қолға алған жаңа жобаның нәтижелі болмақ. Дұрысы ұзақ түлекке көп мән бермей, ірі жобаларға көңіл бөліңіз.</p>	<p>Егіз Сізді жұмыс барысында сәтті кездесу мен табысты шешім күтіп тұр. Осы уақытта кейін көп күш жұмсаған істі де айырымен аяқтаңыз. Өзіңізге және болашаққа деген сенімді жоғалтпаңыз. Апта бойы көңіл-күйіңіз көтеріңкі жүреді.</p>	<p>Шаян Бұл апта қызықты сәттерге толы болады, себебі уақытыңыздан басын бөліптің жеке өміріңізге арнаңыз. Жұлдыздар қаржы мәселесіне жігі назар аударуға кеңес береді. Ал үйіңізде алденені өзгерту жауапшылыққа жол ашады.</p>	<p>Арыстан Апта басында біршама жетістікке жетесіз, алайда келенсәздіктер де кездесуі мүмкін. Барынша шығармашылық</p>	<p>мүмкіндігіңді көрсетуге тырысыңыз, сол кезде өзіңізге деген сенімділігіңіз артып, жан дүниеніңде тыныштық орайды. Апта соңына қарай жауапкершілік мол жұмыстан бас тартып, кез келген қиындықты жақындармен ақылдасқан жөн.</p>	<p>Бикеш Апта барысында ойға алған жоспарлар жүзеге аспай, бір орында тұрып қалғандай көрінеді. Алайда бұл туралы, алдамдығын, себебі бәрі аз уақыттың ішінде реттеледі. Сонымен қатар бұл апта қосылған дөңгелек, кез келген жобаны қолға алуда сәтті уақыт болады. Сондықтан барлық мүмкіндікті дұрыс пайдаланыңыз.</p>	<p>Таразы Қызметте беделіңіз өсіп, үлкен жетістікке жеткізіледі. Бір жеке өмір де маңызды өзгерістер орын алады. Келген армандардан жақын адамныңызға тауып, тез тіл табысып кетесіз. Апта барысында айналаныңда болып жатқан жайттардың бәрін мұқият бақылауға тырысыңыз.</p>	<p>Сарышаян Апта басында денсаулыққа аса мән берген жөн. Қандай жағдай болмасын сабырлық танытып, байыпты шешім қабылдауға тырысыңыз. Өйткені аптаның әр күні жаңа мүмкіндіктер сыйлайды. Оған қоса қаржы мәселесі де онынан шешіліп, кәсіп бастауға мүмкіндік береді.</p>	<p>Мерген Мергендерді қаржы саласында сәттілік күтеді, сондықтан табыс мәселесіне алдамдаған жөн. Алдыңызға нақты жоспар қойып, тынбай еңбектенесіз. Сонымен қатар кәсіби тұрғыда дамуға көңіл бөлу қажет.</p>	<p>Тауешкі Дәл қазір уақытта дұрыс мақсат қоя білу маңызды. Өйткені жаңа жоспар сәтті мүмкіндіктерге жол ашады. Тек жұмысқа ден қойып, тынбай еңбектенесіз, өміріңізге нәтижелі өзгеріс енді. Жаңа аптада әр күнге махаббат сыйлайтын жақын адамдар көбейді.</p>	<p>Суқұйғыш Апта жаңа кәсіп бастауға, маңызды кәсіптерді жасауға, ауылды іскерлік кездесуі өткізуге қолайлы болады. Алайда қолда бар қаржыны ұқыпты ұстаған жөн. Сондай-ақ демалыс күндері рухани дамуға, жаңа дүниелер үйренуге, жақындарыңызға көңіл бөліңіз.</p>	<p>Балық Жаңа аптада өмірді қайта бастауға деген күлшынысыңыз артып, жаңа жобаларды қолға аласыз. Жақындардан махаббаты сезініп, өлденені түбегейлі өзгертіңіз келеді. Егер атпаған бастамаларды орта жолда қалдырмасаңыз, нәтижесінде жаңа деңгейге жетесіз.</p>
--	---	--	---	---	--	--	---	---	---	---	--	--

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелуі алынған, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті КР СТ ИСО 9001-2009 «Сәпа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған.

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢАРАБАЕВ

БАС РЕДАКТОР
Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ

Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary@gmail.com
Instagram: @aqmeshit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 8059
Тапсырыс: 424